

32156

Төлеген Қажыбаев

II

# Қарасай- дастан



Төлеген ҚАЖЫБАЕВ

# ҚАРАСАЙ—ДАСТАН

**Жыр жинағы**

Бөкшетау, 1998 ж.

8454,23 м?

1814

Осы жинағымды қазақтың қаһарман ұлы  
шапырашты Қарасай батырдың туғанына  
400 жыл толу тойына тарту етемін.


АВТОР.

### АННОТАЦИЯ

Акын Төлеген Қажыбаевтың «Қарасай-дастан» жыр жинағына оның соңғы кездерде жазған өлеңдері топтастырылып отыр. Жинақтың аты әйгілеп тұрғандай халқымыздың қаһарман ұлдарының бірі атақты Қарасай батыр туралы дастанында қазақтың елі мен жері үшін жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жолдары тартымды баяндалады, оның Ағынтай батырмен достығы сөз болады. Сондай-ақ жинаққа «Зауал» атты өлеңмен жазылған драмасы да еніп отыр. Онда автор халық бірлігін, ынтымақтастығын сөз етеді, мәңгірттікпен бойды аулақ салып, жас еліміздің ұлы мұраттары жолында аянбай күш-қайрат жұмсауға үндейді.

Жинаққа енген алуан тақырыпқа арналған өлеңдерден ақынның өмірге көзқарасы, содан түйіндеген сырлары жарқын бой көрсетіп отырады.

ISBN — 5-76-67-6601-7 32156



# **I БӨЛІМ**

## **ЖЫРЛАРЫМ—СЫРЛАРЫМ**

1.

2.

3.

## ӨЗІМДІ ТАНЫСТЫРУ

(альбомнан)

Мынау менің салдыртқан сері кезім,  
Сері кезім, жын құған пері кезім.  
Ұшынып махаббаттың уызынан,  
Өртеген өзегімді отты сезім.  
Мынау менің биікке талпынғаным,  
Талпынғаным, қыр аспай алқынғаным.  
Кез болған алаңы жоқ арманды шақ,  
Аралап Шах-Шираздың алтын бағын.  
Мынау менің жалғыз қап жабыққаным,  
Жабыққаным, жұбанбай тарыққаным.  
Жалғыздықтың кім сезер сергелдеңін,  
Таңдайға татпаған соң анық дәмін.  
Мынау менің жанымның жылағаны,  
Арманның зау биіктен құлағаны.  
Сабылтқан сан қиырға сал сезімнің,  
Көкейден кетер емес сұрағы әлі.  
Мынау менің өрт шарпып өксігенім,  
Өксігенім, сан мәрте өшті демім.  
Бал мен уын тірліктің кезек татып,  
Басымнан қилы дәуреп көшті менің.  
Мынау менің ғайбаттан қажығаным,  
Өмірдің қысы қатал, жазы мәлім.  
От тұрса барын түсер пәруәна, –  
Бейқұна сәби күнді сағынамыз.

Мынау менің сыр мінез нәзіктігім,  
Періште өлім демеймін, жазықтымын,  
Келер күнге Алатау — арманымды.  
Кетсем деп ем бірақта жазып бүгін.  
Мынау тұста мен ерек бақыттымын,  
(Сол бақыттың ақ тапы атыпты мың).  
Қолдан шығып кеткеннің бәрі қымбат,  
Жастығында слейді жаһұтты кім.  
Мынау менің сәбише қуанғаным,  
Қуанып, болмашыға уанғаным.  
Жұбаныш та қуаныш қалды алыста,  
Саба сарқып бірақ та суалмадым.  
Мынау менің тас-талқан бүлінгенім,  
Бүлінсем де тірліктен түңілмедім.  
Бермесіңді алам деп ала бөтен,  
Алаөкпе боп ес кете жүгіргенмін.  
Алға сүйреп сан тарау ағындары,  
Қақиакылдап қу тағдыр бағынбады.  
Бірте-бірте сөніп те бара жатыр,  
Кеудемнің жанар таудай жалындары.  
Мынау менің тірліктен безінгенім,  
Безінем деп талай түн көз ілмедім.  
Мойын сұғып тұрсам да дар жібіне,  
Ардан бірақ, ағайын, безінбедім.  
Солай, солай сан күйде тербетілем,  
Еркелеп ел ішінде ер жетіп ем...  
Бір жылап, бір күлумен жүрем білем,  
Өшкенше мынау гажап жер бетінен.

## КӨКТЕМ КЕЛЕР

Көктем келер сал шекпенін сүйретіп,  
Түтек қыстың тоң қабатын күйретіп.  
Менің дағы жадау жаным жылынсып,  
Тұрған шақта қию қашып, күйі кетіп.  
Көктем келер «алтын күрек» естіріп,  
Басқан ізге қызыл суын ілестіріп.  
Қыр басында шұрқырайды жер тарпып,  
Тарпаң мінез бас білмеген бесті-үміт.  
Көктем келер қырдан қарды қаштырып,  
Ақ шуаққа омырауын аштырып.  
Бұлақ басы бұлқынады асаудай,  
Қара таспен тастасаң да бастырып.  
Көктем келер етегінен гүл шашып,  
Тым жақыннан елжірейді күн қашық.  
Қу тірліктің осы мезет шағына,  
Пенде асық, қала, дала, қыр ғашық.  
Көктем келер. Өңір нұрлы, көңіл мас,  
Пейіл кеңір, балқыр тіпті қара тас.  
Жалпақ жинап жасарар да жадырар,  
Менің ғана мұңлы жаным жасармас.



## СЕНІМ ЖЫРЫ

Маңдайыма жазса дағы мол қайғы,  
Тірлік гүлі көкірегімде солмайды.  
Өлім күйін тыңдай жүріп өсіп ем,  
Өмір жырын толғамасам болмайды.  
Ал ендеше тірлік күйін шертемін,  
Не болар деп алаңдамай ертеңім.  
Шындығын айт мына шіркін ғұмырдың,  
Қажет емес бала қиял ертегің.  
Қоңыр үйдің қоңырайған көшінде,  
Атам айтқан ертегілер есімде.  
Оған енді алаңдауым жөн болмас,  
Қайран ғұмыр еңкейген соң бесінге.  
Бәйге алады дейсің шауып жеке кім,  
Қажет емес мұрындықтар жетегің.  
Мен ұққанмен балам әлі ұқпай жүр,  
Мына өмірдің ертегі емес екенін.  
Бала қиял — ертегінің күні өткен,  
Жетті тірлік тірнектеумен күнелткен.  
Босағамда сенім деген сақшы бар,  
Өмірімді күндіз-түні күзеткен.  
Лүпілдеумен ұлы тірлік жүрегі,  
Өмір күйге қос құлағын түреді.  
Соқыр түнде сан сүрінген мені де  
Сенім-серік жетелеумен жүреді.  
Темір иле. қазан қайнат, от күре,  
Төр иелен. төбеңменен көк тіре,  
Болмысыңды күзетуден болдырмас.  
Өз сенімің олмесіңші деп тіле!

## БАБАҒА МІНАЖАТ

Құдай қойса бұл қалқам тоқсан жасар,  
Есігінен кетпейді ғаріл-қасар.  
Қатындар Төлеген деп қойып еді,  
Бір аты бұл қалқамның ашу басар.

Атам Сыздықтың әлди-жырынан.

Қайғысы қара есіктің жабылмаған,  
Басынан дәуір өтті дабылдаған.  
Мен сенің жалғыз тамшы көз жасың ем,  
Ұшында сақалыңның дамылдаған.  
«Ұлымды ұры соғыс жалмады» — деп,  
Жан едің жапа шеккен арманы көп.  
Жатушы ем шапаныңның шалғайында,  
Мен сенің әлди-бесік арманың боп.  
Қайырлап қалдыдағы ғұмыр-кемең,  
Тірліктің күнде сезді-ау сызын денең.  
Бір уыс шуақ құйған көкірегіңе,  
Мен сенің үмітің ем үзілмеген.  
Жан барма қайғы отына шарпылмаған,  
Дүние сыртын берді салқындаған.  
Мен қалдым, сен аттандың әл-бақиға,  
Жұртыңа сырың қалды сарқылмаған.  
Тірліктің тосыны көп тағатты алған,  
Үзілді-ау топшысынан қанатты арман.  
Барыңды, байлығыңды тонатсаң да,  
Жан едің ар-ұятты жоғалтпаған.

Жанызынан қоңыр әуен жыр қашадым,  
Сол жырмен әлі талай қырды асамын.  
Налысам, қайғы көрсем, қайран қартым,  
Мен сенің рухыңменен сырласамын.  
Үй болып жатсам дағы керегелі,  
Өзіңдей бір тілеуқор керек еді.  
Мен сенің артта қалған тұяғың ем,  
Жан баба, жебе мені, еле мені.

### ҚОҢЫР БОЯУ

Қоңыр күйі, қоңыр әуен, қоңыр сарын,  
Қоңыр сарын қотарар көңіл зарын,  
Әлем-жәлем әумесер даңғаза емес,  
Қоңыр зардан аршылар нағыз дарын.  
Қоңыр кеште ыңылдап анам баяу,  
Тал бесікте төрбелдім, көңіл ояу.  
Қозыдай қоңыр тірлік кешіп едім,  
Сондықтан маған жақын қоңыр бояу.

### «ҚОҢЫР» КҮЙІ

Әбікеннің<sup>1)</sup> тыңдашы «Қоңыр» күйін,  
Оралады көңілге ойлар дүйім.  
Одан сен сезінбейсің секектеген,  
Бүгінгі даңғазалы жындар биі.  
Әбікеннің тыңдашы «Қоңыр» зарын,  
Зар әуені әуелден маған мәлім.  
Қайғысы, мұңы жоқ көзсіз неме,  
Қайдан сезсін ондай да зардың барын.

---

<sup>1)</sup> Әбікен Хасенов — атақты «Қоңыр» күйінің авторы.

Әбікеннің тыңдашы «Қоңыр» мұңын,  
Мұң — нәрім, мұң — түпсіз қара жылым.  
«Қоңыр» күймен тербелін асау жапым,  
Бір қиырда жатсам-ау алып тыным.

## ӨНЕШ ФИЛОСОФИЯСЫ

Тазқара құстың талғамай жұтар өңешін,  
Қасында жүрген кейбіреулерден көресің.  
Көресің де ұяттан қыздай өртеніп,  
Басқалар үшін бетмошпағыңды төгесің.  
Терлігін дымдал, жортаққа түсер тепеңдеп,  
Жүргендер қанша байлыққа батпан жетем деп.  
Соларды көріп қаласың кейде қопаңдап,  
Сол өңеш сірә менде де жоқ па екен деп.  
Тоқтық пен жоқтық десек те әмән егескен,  
Күн кешу қиын алдамшы жалған елеспен.  
Құлқынның құлы қоғамға қауыш қашанда  
Өмірді мынау өлшеген қызыл өңешпен.

## ҚЫЗЫЛ ҚУРАЙ

Зират анау үлкен ауыл шетінде,  
Өтер гүмыр өкіп мейлі өкінбе.  
Қайран ана мүрдесінде өксенді,  
Қызыл қурай қызыл желдің отінде.  
Қызыл қурай қызыл желге сыңсиды.  
Бұл тірлікті кім тәрік қып, кім сүйді.  
Тәркі-дүние базарынан көшкенше,  
Күймей-сүймей жүрек қалай тыншиды.  
Тыншымайды, талпынар-ау, талпынар,  
Талпынар да жүрек шаршап алқынар.  
Алқынғанда қолтығыңнан демеу боп.  
Жап табылса жарар еді-ау хал сұрар.  
Уақыт озар, мүрде тозар шаң басып,  
Жылдар жылжыр бір-бірімен жалғасып.  
Жылмен бірге жаңғырады жас ұрпақ.  
Көш-керуен кете бермек жалғасып.  
Зират анау біздің ауыл шетінде,  
Барар жер сол бекін мейлі бекінбе.  
Осы араға келген сайын өксимін,  
Қурайдайып қалған желдің өтінде.

## ӘЙЕЛГЕ МАДАҚ

Жырлап біттік десек те баяғыда,  
Басы да жоқ бұл жырдың аяғы да.  
Жылқышы да жырлаған. қойшы дағы  
Қыр басында сүйеніп таяғына.

Есептеген шаттығын отырып кім,  
Сарқылдым деп мен босқа опыныпшын.  
Әйел деген бар жырдың бастамасы,  
Әйел деген сезімнің отын ұқтым.

Сезім барда жыр шіркін сарқылмайды,  
От — қуаныш болғанда, мұзың — қайғы.  
Сыры бөлек масаңдау мына тірлік,  
Көз ұшында әйел боп жарқылдайды.

## ҮШ ЖҮЗ

Ұлы жүз де наразы,  
Орта жүз де наразы,  
Кіші жүз де наразы...

**Иранғайып-**

Бір-ақ аспан, бір-ақ ауа, бір-ақ күн,  
Төңіректі қымтайтыны бір-ақ түн.  
Бір-ақ барда неге үшке бөліндік,  
Ұшығына жете алмаймын сұрақтың.

Тірлік біреу, тағдыр біреу, бір арман,  
Бабалардың мұратынан құралған.  
Бірлік барда неге үшке бөліндік,  
Осы кепке ташырмамай тұра алман.

Бір-ақ дала, бір-ақ өзен, бір-ақ тау,  
Керек шығар «Трағына» тұрақтау.  
Жүрек бірге емес пе еді, ағайып,  
Ірге бөліп жатсаңырағы жырақтау.

О басында біреу еді тілек те.  
Тең бөлістік салмақ түссе білекке.  
Бір қазақты үшке бөлген сұмдығың,  
Жара салды-ау жазылмастай жүрекке.

Үш жүзіннің таусылмаған таласы,  
Алшақтаумен бара жатыр арасы.  
«Бөлінгенді бөрі жерін» білсек те,  
Бірігуді білмегенбіз шамасы.

Тілім бірге, дінім-дағы бірге еді.  
Үшке бөліп алды-артымды күрмеді.  
Үш арысың үш қиырға қараған,  
Бір арианаға қашан ғана бірігеді.

Өзге емес, өзді-өзімді тонадым,  
Жатты жылтып, өзім неге тоңамын?  
Кім көтерер, айтшы кәне, қарт баба,  
Үшке бөлген бір қазақтың обалын?!




## АСТАНАҒА СӘЛЕМ

Арқаның алтын алқа ажарындай,  
Ақмола дүйім елдің базарындай.  
Мәртебең құтты болсын астаналық,  
Салмайды саған әлем назарын жай.  
Көңілдің көкке өрлетіп арман құсын,  
Дәстүрін Алматының жалғармысың.  
Елімнің ертеңі боп өркендей бер,  
Жаралған ақ арманнан арда мүсін.  
Көк байрақ күмбезіңде желбіреген,  
Құт қонсын қырларыңа жел түнеген.  
Сәлемін жолдап қалды қайран Көкше,  
Көп көлі көз жасындай мөлдіреген.  
Жатса да біреу озып, біреу тозып,  
Өнерде өрлеуі заң көңіл қозып.  
Тілектес болып қалды теріскейде,  
Қызылжар құлағыңмен қолын созып.  
Сал, сері еңерімен қанаттанған,  
Ән мен күй ақтарылса тағатты алған.  
Төріңе шашу басып шашылмақпыз,  
Қияға құлаш ұрып талапты арман.  
Ақмолам алабыңа бақ орнасын,  
Төрт қиыр тоғысатын нақ ордасың.  
Елімнің күн дидарлы келбетіндей,  
Жасай бер Отанымың Ақ ордасы!

## МАҒЖАНША

Күн бұлыңғыр, бұлт былжыр,  
Мазалайды ой құрғыр.  
Сезім қылын шертерлік,  
Қайда кетті сөз сыңғыр.  
Сөз сыңғыры сап тынған,  
Желпіне алмас ой сылбыр.  
Не әні жоқ, не күйі,  
Әншейін бір бос дыңғыр.  
Әрі кетсе жаназа,  
Бері қойса даңғаза,  
Жан тербетпес бір күңгір.  
Күңгір түбі күңгірттік,  
Сезім — сайқал, ой — бұлдыр.  
Көңіл — дөнен болдырған,  
Ой қоламта, қоздаман.  
Барлық үміт өзінде,  
Жетім қалған көңілді  
Келші, қалқам,  
Кел тындыр!..

32156



## АЛДАСПАН

### Кене ханның рухына

Бұл қазаққа қаталдығың жарлаған,  
Көздерің көп төңіріңнен де әрі асқан,  
Өшпесіңнің өтін алдың өкіртін,  
Оған күә мына дала, көрі аспан,  
Бұл қазаққа дапалығың дарыған,  
Көзі жоқты сенсіз сүтке жарыған,  
Қаһарыңмен дүшпаныңды қарыған,  
Тұлпар едің халқың үшін арыған,  
Бұл қазаққа батырлығың аялды,  
Жорық жолың қызыл қанға боялды,  
Абылайлы ұраныңмен алты алаш,  
Дүр сілкінің үйқысынан оялды,  
Бұл қазаққа көсемдігің керекті,  
Оны бірақ кезінде кім еленті,  
Масаттанды-ау маған біткен мастаныл,  
Сұлаттым деп дара біткен теректі,  
Шағым қайда өз төрімде шалқияр,  
Жетпес оған барлық арман, бар қиял,  
Сенің орның күні бүгін оңалмас,  
Жазмыштан озған алдаспан Кенем,  
алдияр.

## ЖОҚТАУ

### Наурызбайдың рухына

Елпілдей ескен жел ме едің,  
Қапталдай аққан сел ме едің.  
Көтерер ала қайғыны,  
Қайыспас қара бел ме едің.  
Қайдасың Науан, қайдасың,  
Көп тостырып келмедің.  
Кіреуке толға жең бе едің,  
Күркірей көшкен сең бе едің.  
Тайғақты жолда буыршын,  
Мертікті десе сенбедім.  
Қайдасың Науан, қайдасың,  
Шын ба екен сонда өлгенің.  
Алдаспан еді белдегің,  
Алам деп жаудан ел кегің,  
Алты малта, көк сүңгі,  
Ақауыз атқа теңдедің.  
Қайдасың Науан, қайдасың,  
Шақырсам да келмедің.  
Жұтсан да жастан көл демін,

Бетпақта қалып шөлдедің.  
Айбынды туған арысым,  
Шамдасаң қия орледің.  
Қайдасың Науан, қайдасың,  
Рас та болды-ау өлгенін.  
Желісің үзіп керменің,  
Тізгіңге ерік бермедің.  
Көкшеден ұшқан көк тұйғын,  
Оралып елге келмедің.  
Топырақ жаттап бұйырған,  
Тәніңді қайда жерледің.  
Қырандай қия көлбедің.  
Жауыңа бұлттай төнгенін.  
Мәрттіктің түбі мерт етті,  
Шын да болды өлгенің.  
Ағыбай батыр, бұл қалай,  
Өз қолыңнан көмбедің.  
Көме алмасаң көме алма,  
Науанмен ноқта қосақта,  
Неге де бірге өлмедің.  
Өз қолыңнан көмгенің.  
Жөн еді-ау сойтіп өлгенің...

## МҰХТАР АҒАМЕН МҰҢДАСУ

Заңғар ойдың зарын кешкен гұламам,  
Көкірегінен дәуір көші шұбаған,  
Ғалам сырын жүрегінен өткізіп,  
Ту биіктің тұғырында тұр адам.

Көп көрсе де мына өмірдің азабын,  
Тексіздіктің теріс сілкіні тозаңын,  
Алашым деп атқа қонған асылдар,  
Жетелеген қалың елін — қазағын.

Сол шоғырдан кезі болмай шеттеген,  
Асу бермес ұлан белге беттеп ең,  
Тектілермен теңесем деп өз жұртын,  
Нюсылатын көңіл деген көк дөнен.

Әнет баба зарын толғап дәуірдің,  
Абыздайын аңыз аулап, ән ілдің,  
Абай болып күңіреніп кеттің де  
Шуағы боп қотарылдың сәуірдің.

Тұнықойдың тұңғығын тербетіп,  
Алушы едің ағыл-тегіл селдетіп,  
Сізді талай еңіреткен, егілткен,  
Бізде дағы жетіп жатыр кем-кетік.

Ғалым кетті көк базарды жағалап,  
Залым шықты сауда маңын сағалап,  
Төрт аяқтан түгел сылтып жорғалап,  
Жабы желді төрт тұяғын тағалап.

Уақыт жүйірік, жағдай қайсы бөгелер,  
Шындар шөгіп, тауға айналды төбелер,  
Ақынынап әкімі көп бұл елдің,  
Қалай ғана көсегесі көгерер.

Торғайы жоқ, тоғайы өрт дама анау,  
Күнде масаң мең-сең болған қала анау.  
Бентал бөксе сайқал тірлік салды ойран,  
«Бесігінді түзе!» деген данам-ау.

Тіл-тулақты салып қойып көкпарға,  
Сөз шіркінді айналдырып шоқпарға,  
Бірін-бірі сойылдасқан қазақты,  
Қорқау қылық құртып барып тоқтар ма.

Іргемізден атқалымен азат күн,  
Аршылар ма ата жұрттан азап мұң.  
Бағы ашылар күні бар ма, беу Мұха,  
«Өзге жұрттан сөзі ұзын» қазақтың.

Мен де өзімді жани-жани жұқардым.  
Бықсыдым да от бол қайра тұтандым.  
Ел аманда саудаға сан Семейді,  
Қорықсақ етті аруағынан Мұхаңның.

Қорықпадық, қорқа алмадық ұлыдан.  
Сезім қалды ескі жұртта ұлыған.  
Кешір, Мұха, келте пішкен ұрпақты,  
Көкірегінде сәлт етпейді сұлық ән.

Сенің орның тұрсын деумен білікте.  
Омырауымды күнде малдым күйікке.  
Заңғар тұлғаң тұрар болса тұғырда.  
Халқың неге талпынбасын білікке.

Талынар да ұлы арманға ұмтылар,  
Тектілермен теңесерлік күн туар.  
Бар әлемде қазақ қайсың дегенде,  
Көш басында өзіндейін ұл тұрар.

Ал әзірге заңғар ойлы, ғұламал,  
Көкірегінен дәуір-бұлақ құлаған.  
Нар заманнан, тар заманнан сыр тартты,  
Ту биіктің тұтырында тұр адам.  
Өйткені ел ұлы адам!

## ҚОШ. «КӨКШЕТАУ!»

### («Көкшетау» газеті жабылғанда)

Сен маған қиял бердің талмасын деп,  
Көкшені көктегі өтіп, самғасын деп.  
Ар бердің армалымдай аялаған,  
Төменде күл-қоқыста қалмасын деп.

Сен маған шабыт бердің сарқылмаған,  
От бердің жай оғындай жарқылдаған.  
Қыл қобыз діріліндей сезім бердің,  
Жүрек бердің ұзақ жол алқымбаған.

Сен маған бақыт бердің тұрағы жоқ,  
Өмір бердің өзінше сұрағы көп.  
Демедің қолтығымнан қорғанымдай,  
Сапарда тайғақ асу құлары көп.

Сен маған қалам бердің жорғалаған,  
Бейнет бердің маңдай тер сорғалаған.  
Намыс бердің жанымды жігерге орап,  
Кезім жоқ ар алдында қорғалаған.



Сен маған азап беріп қинағасың.  
Жаныма шуақты нұр жинағасың.  
Редактор орындығын қимасаң да,  
Ар тұтар ақындықты сыйлағасың.

Сөз бердің ақберендей серті бөлек,  
Сол сөздің басқалардан дерті көп ет.  
Жүрегім қара сөздің қаспегіп,  
Шерменде шерлі күйдегі шертіп өлет.

Сен мені сан қиырға жетеледің,  
Қайғыңды қалай бүгін көтеремін.  
Мен сені өзімсіндім қайрап Көкшем,  
Меншігім болмасаң да жеке менің.

Сен маған ұлы Біржан әніп бердің,  
Ақанның алқаракөк сөнін бердің.  
Тірліктің жығылмаған ақ туындай,  
Бойдағы асылыңның бәріп бердің.

Мен сенің төрт бетіңмен сырласқанмын,  
Тұмбадай алатаңнан сырды ашқан кім?  
Ееу, дүние, соның бәрі арман екен,  
Арлымен, аяулымен мұңдасқаным.

Соқталы талай-талай сең кешкенмін,  
Арамза алаяқпен белдескен кім?  
Ол сен ең, сонда маған серік болып,  
Ер тауып еңселімен елдескенім.

Балтырдан қауып жатса барақ иттер,  
Жандайып шеттемедің жанын күйттер.

Өмірден өтерінді сезді білем,  
Тоске өрлеп өктемсиді балақ биттер.

Мен саған өкінемін, егілемін,  
Егіліп, қош Көкшелеп, еніредім.  
Бар болса о дүниең, табысармыз,  
Ал әзір көз жасы боп төгілемін.

Мен сені талай іздеп сабылармын,  
Күн сайын дидарыңды сағынармын.  
Обалың маған емес обырларға,  
Жер соқтырып кеткенің не қылғаның.

Мінезім қу тағдырға көне алмай ма,  
Мұңсыздар қызығыңды көре алмайды, ә?  
Халқымның үні, тілі, ділі болған,  
Сені алғанша қу құдай мені алмай ма?!

Кеудеңде шыбышың бар тірі екенсің,  
Бабаның бал шайқаған үні екенсің.  
Төбеңе тоқпақ сілтер тасырлардың,  
Шорт кесіп тастайтұғын тілі екенсің.

Қош енді, арылайық арыздасып,  
Қалмасын көкірегімді қарыз басып.  
Сөз қосқан ақтық рет перзентің ем,  
Жол кешкен ұзақ-сонар арып-ашып.

Сен кеттің тәңіріңе табынбай-ақ,  
Мен қалдым жебірлерге жалынбай-ақ.  
Өкініш! Өттің! Өштің, шаңқай шақта,  
Қамшының бір сілтеген сабындай-ақ.

## КӨКШЕТАУМЕН МҰНДАСУ

МЕН:

— Ей, Көкшетау,  
Қасиетті киесі қайда?  
Қорып, сақтар нең қайда?

КӨКШЕТАУ:

— Киеме күйе жақты —  
киесізбін;  
Ақысыз, пұлсыз сатты —  
несізбін.  
Тасыма балта шауып,  
сонап жатыр.  
Жерімді жыртысайын  
талап жатыр.  
Әр тұстан емінеді есіріктер,  
Басыма орнатам деп заманақыр.

МЕН:

— Япырмай, не деп кеттің Атамекен,  
Жан қайғың мендей көпке бата ма екен.  
Сен маған Ана едің, ал анасын  
Сәбін жат жұрттыққа сата ма екен.  
Анасын қор тұтыпған қорқау қылық,  
Жүрекке шерлі мұз боп қатады екен.

КӨКШЕТАУ:

— Сірә, кенде болмаспын  
Араны апан неден.  
Аршып алар кімің бар,

Киеме жаққан күйедеп,  
Алты алаш атып тіреген,  
Көкшетау едім кешегі.  
Жаныма батты жемқордың,  
Желкеден атқан кесегі.  
Бойыма дарын барады  
Дәуірдің мынау кеселі.  
Жоқ па екен айтшы, ей, ақын!  
Пенденің берер еш емі.

МЕН:

— Жаралы жапым Аһ ұрды,  
Ат қойып аруақ шақырды.  
Күйзелтпін кетті амал не,  
Миғұла, мендей пақырды.  
Бұл заманда аузы апап,  
Алаяқ залым, ақылды.

КӨКШЕТАУ:

-- Көпті көрген тарланмын.  
Жүрістен бүгін таңғанмын.  
Ұрпағым азын кетті-ау деп,  
Соныңа ғана арландым.  
Абылай салған ұран боп,  
Жоңғарға жорық салғанмын.  
Жоныма жебе қадалып,  
Одан да аман қалғанмын,  
Айырылып Келе сұтаннап,  
Ботасыз ішкен — зарландым.  
Жоғалтып Науанжапымды,  
Жамылып түнді қарғандым.  
Адасып Мағжан ақыннан,  
Есімненде таңғанмын.  
Арса да арса өңірге.

Сексен кол болып тамғанмын.  
Несіз қалып бұл күнде.  
Жан-жағымды қармандым.

МЕН:

— Менің де басым қаралы.  
Жүрегім жадау жаралы.  
Көтере алмай күйзелдім.  
Ныққа түскен азаны.  
Күйретіп кетер бір күні,  
Атамекен азабы.  
Шабақтап жатыр аяусыз.  
Тәрки тірлік тозағы.  
Абылай көрген түстейін,  
Ұрнағың қалай азады.  
Аяулы Көкшем, қайтейін,  
Жаныма батты-ау мазағы.  
Өзіме де обал жоқ,  
Мазақтап жаным жазалы.  
Ұраны бір, ой ортақ,  
Көкшенің қайда қазағы?!

КӨКШЕТАУ:

— Күрсінбе бала, түңілме,  
Бой түзе алыс үңіл де.  
Бір сарын бар, аңдасаң,  
Мен мүлгіген іңірде.  
Науан мінген Ақауыз,  
Арында, жүйткі, сүрінбе.  
Кенешап тұтқан ақберен,  
Қышында жатып бүлінбе.

Абылайлы ұран аспандап,  
Жетсін деп тіле бүгінге.  
Күңіреніп болған жайым бар,  
Түңілме! Белім бүгілме!

МЕН:

— Арайым қаңға боялды,  
Қалғыған сезім оянды.  
Базарың тарқан жатқанда,  
Барқылдамай, қой әнді!  
Береке жоқ, бекем жоқ,  
Қайғыға ойым бой алды.

ҒӨКШЕТАУ:

— Жаралы жанды жұбат та,  
Сенімді, қалқам, құлатпа,  
Базарлы тойдың қызығын,  
Енді алмассың, сұрап та,  
Көз жасым кетті жамырап,  
Айналып алпыс бұлаққа,  
Шалқалап жатар күн қайда,  
Мәйегі майлы құраққа,  
Азаның үні келеді,  
Қазалы жандай құлаққа.

МЕН:

— Күйін шектім, қайтейін,  
Қақпанға түскен қасқырдың,  
Аямады тас табан,  
Тепкіледі, басқа ұрды.  
Жазасын берсін бір Алла!  
Абылайдай бабапың  
аруағына тапсырдым!

## ОЙ АУЛАЙМЫН АУЛАҚТА

Ақ қағазым ай тақыр,  
Аруана жанның арындай.  
Жыр толғатып мен пақыр,  
Келемін әлі жаңылмай.

Улы сия сорғалап,  
Зарын айтып егілер.  
Жүрек жазған толғап ап,  
Көз жасы боп төгілер.

Қара түнді жамылып,  
Ой аулаймын аулақтап.  
Күрсінбе көп қамығын,  
Қайран сезім, лаулап қат.

Жан жылуын қалқып ап,  
Бұрым тартып өремін.  
Қалауы көп халқыма,  
Қалса деп ем өлеңім.

«Қайран сөзін қор еткен»,  
Абай елдің езіне.  
Болмашысын зор еткен,  
Келдік кесір кезіне.

Өлең қайда, сөз қайда,  
Батты олардың қарасы.  
Қара бақыр — сол пайда,  
Бұл қазаққа шамасы.

Төбеде ойнап алдаспап,  
Жібермес жұрт есені.  
Өлең жазып алжасқан,  
Маңдай сорым бес елі.

Өмір өшіп, қалар мүң,  
Ет жүректі елтітіп.  
Қарқарамды қадармып,  
Жырдың туын желітіп.

Алдымда асу, өткел көп,  
Керуен көшін барады.  
Біздейде ақын өткен деп,  
Мүсіркей алсаң жарады.

Ал әзірге киелім —  
Жырдан жаным тоятта.  
Қаламыма сүйеніп,  
Қалғып кетсем оятпа.



## ҚАСҚЫР НЕМЕСЕ

### ҚАЙСАРЛЫҚ ЖЫРЫ

Қасқырмын!  
Өздерің айтқан айғақтап,  
Албастыдай басқырмын.  
Қолға түссем аямай,  
Басындың да басқа ұрдың.  
Оған да қанбай айызың,  
Тұмсығымды тасқа ұрдың.

Ажалға қарсы атылған  
Араны анап арланмын.  
Тас қапсам да тайынбас,  
Тағы мінез тарланмын.  
Жер түбінде жатса да  
Жемтігімді алғанмын.  
Маған бұйым болмаған,  
Қиындығы жалғаншың.

Көк шуланды бөріңмін,  
Қырқысудан қайықпас.  
Қызыл қан боп төгілдім.  
Іресең де іркілмей  
Қабырғамнан сөгілдім.  
Сонда сезген боларсың,  
Тектілігін төзімнің.  
Қырық күн жортып көк мұзда,  
Ілкіде гана көз ілдім.

Кезімнен сонау бөлтірік,  
Алдымнан қашқан аңдыздан,  
Ақбөкен-тірлік жөңкіліп,  
Жалыныш үнім шықпаған,  
Жатсаңдар да өлтіріп,  
Өзімнен ғана табылар,  
Өзгеде жоқ өр қылық.

Маған боғет болмаған,  
Алай да дүлей бораның.  
Азығымды суырдым,  
Төбесін ойып қораның.  
Пана да еткен кезім көп,  
Жалғыз-ақ түбін қоғаның.  
Жемтік іздеп көп жорттым,  
Жапанның шимай торабын.  
Өліммен ойнап күн сайын,  
Көтердім өмір обалын.

Қараны шалып қиырдан,  
Қия бір соғып ас етер,  
Жемтігім жолда бұйырған.  
Ұяласымды ұлттың,  
Тірсектерінен қиылған.  
Қорқаулы қылық — қалауым,  
Онымнан сірә тнылман.

Дей алмаймын ей пенде,  
Құдай берген құтыңмын.  
Жұмырыма жұқ болмай,  
Жемтігім болып жұтылдың.  
Өзіңменен шайқаста,

Ұтылдым, талай тұтылдым.  
Құлығың құрық бойламас,  
Сенен де талай құтылдым.  
Қандыауыз қақпан қойсын ба,  
Терімді сойып сыпырдың.

Қасқыр ғыш төңір жаратты,  
Жазмыштан озмыш болмаған.  
Кездерің қанша, айта алман,  
Басқа теуін қорлаған.  
Анашың аузын қандатып,  
Бөлтірік кезден сорлағам.  
Таяалың ба едім, ей пенде,  
Ажалым болдың торлаған.  
Қазар болсаң терең қаз,  
Омақа асар ор маған.

Шамырқаныш шарт сынар,  
Қияға баснас қадам бар.  
Шамдандырсаң шайнасып,  
Шалдықнайі жортар шамам бар.  
Пенденді де көп көрдім.  
Бұғыныш басып амалдар.  
Құлығын баққан гамалдың,  
Аяқтап шалды-ау жамандар.  
Қаймықпас қайсар қылықты,  
Қасқырдан үйрен, адамдар!

## КҮЛКІ АЗАЙЫП...

Күлкі азайып,  
Жылау неге көбейді.  
Күйік сезім құмықтырды көмейді.  
Мына тірлік жүрісінен жаңылып,  
Біздейлерге сырт айналған өгей-ді.

Күлкі кеміп,  
Қайғы неге асқынды.  
Тектілерді тексіз тірлік басқа ұрды.  
Бар әлемнің көң-қоқысын ілестірген,  
Тоқтата алман лай боп аққан тасқынды.

Күлкі өліп,  
Қайғы неге тірілді.  
Өлім жолға өмір басы тігілді.  
Менің дағы шырылдаған торғайым,  
Қара құстың тырнағына ілінді.

Күлкі орнына  
қайғы зікір салады.  
Инін жұлып, демін зорға алады.  
Бар қызықты төркі қылған тірліктің  
Жарылардай сыздап жатыр талағы...

## ҚЫРЫҚ ЕКІДЕН

### ҚАЛҒАНДАР

Қуанышбек пен Сапанға

Ауада сыз,  
Көңілде мұз.  
Өмірде мына біз бармыз.  
Тауқымет жүгін сүйреген,  
Бір-бір қара нарлармыз.  
Жылытам деп басқаны,  
Қар үстінде жанғанбыз.  
Ат жалында жантәйіп,  
Көз шырымып алғанбыз.  
Қырық екінің ортiнен,  
Қадау-қадау қалғанбыз.  
Өмір үшін өкiпбей,  
Өлімге де барғанбыз.  
Көк тайғақта көп тайған,  
Тағасы тозған тарлапбыз.  
Азу тiсi селебе,  
Аузы қанды арлапбыз.  
Айырғанбыз ақианда,  
Көксөқталы қардан мұз.  
Қаңтарыңшап қаймықпай,  
Қағанақ қарын жарғанбыз.  
Жаралғанбыз жампоздан.  
Қарғып кетер жардан біз.  
Айрылсақ та бөрінен,  
Айрылмадық ардан біз.  
Шнырдан безіп шимайлы,  
Соныдан соқпақ салғанбыз.

Махаббатқа мас болып,  
Есімізден де таңғанбыз.  
Өртеңге өскен өрім ек,  
Тайғақты жолды таңдармыз.  
Шуақты шақтың шаттығын,  
Күтеміз күнде таңнан біз.  
Ауада сыз,  
Көңілде мұз...  
Өмірде мына біз бармыз.  
Біреулерге керексіз,  
Біреулерге арманбыз.

## СЕЗІМ БЕРДІҢ

Сезім бердің —  
мен неге сезінбеймін;  
Жүрек бердің —  
құзықтан безінбеймін;  
Сөбыр бердің —  
тас табан төзімдеймін;  
Қайрат бердің —  
қайыңның безіндеймін;  
Қайғы бердің —  
мен қалай жеңілдеймін;  
Аз ғана ғұмыр бердің —  
өліара кезіндеймін;  
Сапа бердің —  
ой кешіп көз ілмеймін.  
Жанымды ұғар сірә,  
өзге емес оңидей кім?

## БУРАБАЙ ЖАТЫР БҰЛҚЫНЫП

Аулақта қалған жалқы үміт,  
Шаршатар жиі алқынып,  
Шолыдай сыңғыр көл демі,  
Алдымнан шығар алқынып.

Құшағын тосты анадай,  
Үмтылдым саған баладай,  
Шайтанып қалған шыңда анау,  
Шайырын төккен қарағай.

Боталы нарыц өоккендей,  
Боздаулы зарын төккендей,  
Оқжетпес шыңды ноламын,  
Қыраның бөзіп кеткен бе еі?

Гүлдемес талың бұр шығып,  
Түншығып жатыр тіршілік,  
Шортан көл шошып шортандай,  
Айнакөл жатыр күрсініп.

Шыға алмай тордан жулқынып,  
Мың сүрініп, мың тұрып,  
Бұғаулы басын ұрғылап,  
Бурабай жатыр бұлқығып.

Шабал көл сарқып сабасып,  
Бұрдымға кегіп барасың.  
Көкшемді басты шұбар бұлт,  
Ұзағайтып көңіл жалғасып.

Сағы бар таулы тарапта,  
Ізі бар қойнау-қолатта,  
Абылай қонған төрімді,  
Талатып, тағдыр, тонатпа.

Алқаракөк армысың,  
Қайран Көкше нар мүсін,  
Жатаған бойың жарасқан,  
Алатау емес қарлы шың.

Меккесі едің Арқаның,  
Алқасы едің қалқаның,  
Сұғынап көздің қорқамын,  
Шығам деген талқаның.

Арқаға ару ай мүсін,  
Маған да Көкше қайғысың.  
Ұғына алмай жүрміз-ау,  
Мағжан ақын қайғысын.

Нізғардан жаным дір еткен,  
Мүремің жиі жүдеп мен.  
Естермін өксік өмірден,  
Көкшені сүйген жүрекінен.



## ДҮНИЕ-ЖАЛҒАН

«Қазықұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?..»  
Неге қалған дейсің де жауап таппай,  
Ойға сүңгіп кетесің, дүние жалған.

Батқан сайын ой-теңіз тереңіне,  
Талпынасың тірліктің кемеріне.  
Сауалыңа жауап жоқ бұл тірліктің,  
Тірлік болып сірәда керегі не?

Күйі бөлек тірліктің сыры жұмбақ,  
Өткеніңе өкінбе — көне тулақ.  
Бүгінгіне тойынған тасыр жандар,  
Келер күннен ойы аулақ, дүние құмақ.

Дүние де керек-ау, құлқын басқа,  
(Не деп кетті дейсің-ау мына қасқа).  
Тірлік үшін тамақ жеу айып емес,  
Тамақ үшін күн кешу жөні басқа.

Солай-солжй сан сауал жамырайды,  
Жауабыңа тағы да ол жарымайды.  
Жетім қозы секілді қайран көңіл,  
Әрнемеге ұмтылып маңырайды.

«Қазықұрттың басында кеме қалған,  
Ол әулие болмаса неге қалған?..»  
Тылсым жұмбақ шешусіз әлі жатыр,  
Осынысымен қызық-ау дүние жалған.

## КҮЗ БОЯУЫ

Жаздың нұры аунап түсін жанардан,  
Күзге ауысқан бар ықылас, бар арман.  
Қайтқан құстар кермейдете қозғалды,  
Тізбек тастап оралғандай базардан.

Көк күмбесін ақ мамықпен торлап ап,  
Сүмбіленің сылқым сазын толғамақ.  
Сол-ақ екен қоя берді ақ саумал,  
Мама бұлттың бауырынан сорғалап.

Жалпақ жазық жаз аптабын сіңірген,  
Саумал сүтін мелдектете сімірген.  
Күмбесінен жылжып түскен жалтақ күн  
Байып барат іргедегі іңірмен.

Наубай қырлар ақ топанын боратып,  
Бала қайың жатыр желек тонатып.  
Қыр астында қысың тұр, — деп күз желі  
Қыдырып жүр орман, тоғай қолатып.

Құба белдің безеу беті қуарып,  
Ақ қайыңның қалды емшегі суалып.  
Бал бұлақтың тас тапдайы құмықты,  
Ала жаздай шапқыласқан қуанып.

Тастап мүлде үй маңының күзетін,  
Ит шығарды құла түзді сүзетін.  
Тәрлік біткен ілік іздеп елендер,  
Бермен бұрып тастаған соң күз бетін.

## ІҢІР

Іңірдің қымтап іргесін,  
Екінді шаққа еңкейді.  
Жасындай жалқып жыр-бесін.  
Жыр үшін қалай жылтамап,  
Ақын боп өмір сүргесін.  
Алдыма алып тербеттім,  
Өлеңнің өлі сүлдесін.  
Махамбет тілді тектім-ау,  
Қашан тастап кетіп ең,  
Заманың заңғар мінбесін.  
Абайлы ойдың айбыны,  
Жарып бір қашан шығасың,  
Көрсөқыр кеуде түрмесін.  
Амалың қанша, ағайын,  
Қаншық қанден секілді,  
Керуен-көшке үргесін.  
Құндап та жатыр әлде кім,  
Қазанат тұлпар орнына,  
Қандала, біт пен бүргесін.  
Алмасып жатыр терсекке,  
Қазақы жырдың жаухардай,  
Үлдесі менен бүлдесін.  
Жұрт ойлайды менің де

Төрт құбылам тең ғой деп,  
Арсыздай ыржақ күлгесін.  
Менің де күнім күн емес,  
Серігім — жырым өлгесін,  
Тұрмастай етіп көмгесін.  
Сондықтан, жүрек, күрсінбе,  
Бәріне соның көпгесін.  
Жырыммен бірге сен дағы,  
Өкенде жүріп өлгесін...

### ШАЛҚАР — ШАБЫТ

Шабыт — Шалқар,  
Шат — Шалқар,  
Сұлу ғажап өңірсің.  
Сылдыр-сылдыр көк толқын,  
Әлең болып төгілсін.  
Арман — Шалқар.  
Ән — Шалқар  
Көңілдегі күйімің.  
Ақ шағалаң шаңқылдап,  
Қанатымен күй ілсін.  
Әлең — Шалқар,  
Әр — Шалқар.

Өрлігіңнің кемі жоқ.  
Тасынба да тасыма,  
Жырлап кетсем сені көп  
Саумал — Шалқар,  
Су — Шалқар.  
Мәлдірлігің бір басқа.  
Толқындарың күйі-перне,  
Тіл бітірген көк тасқа.  
Дария — Шалқар,  
Той — Шалқар.  
Бар қызықтың тұрағы.  
Бір көрген жан сағының.  
Келіп-кетіп тұрады.  
Жырау — Шалқар,  
Жыр — Шалқар,  
Шежірелі қарттайсың,  
Қашан келсем алдымда,  
Сыр толғатып жатқайсың.  
Сол сырыңнан мен дағы,  
Біраз жайды ұғайып.  
Толқыныңа оранып,  
Жырлап барып тынайып.

## ҚАРАУЫЛ ТӨБЕ

Белес-белес белдер жатыр нықтап,  
Етек-жеңіп жай жатқан жоқ түйықтап.  
Мына дала сақшысындай сан құрған,  
Бірі сергек, бірі кетсе ұйықтап.  
Сол сергектің нақ өзіндеі Қарауыл,  
Байқадың ба қиырма көз қадауын.  
Әлмисақтап әлем шолын әлі тұр,  
Етегінде жарау тұлпар, жарау ұл.  
Ол дәуірдің сергелдені — жау шапты.  
Жау шағанда сан шаңырақ қаусанты.  
Анғалдықтап таяқ жеген алашың,  
Сондықтан да ел ереуіл, тау сақ-ты.  
Құба қалмақ қылт еткенде қырқадан,  
Қотан қойшы қанды боран бұрқаған.  
Қанжығада басы кетті қазақтың.  
Жататұғын сауық құрып, шырқап әп,  
Бүгін дағы сақсынбасаң болмайды.  
Бойға біткен бейғамдығың мол қайғы.  
Қиырыңда апан аран аждаха.  
Күндіз-түні өзім күйін толғайды.  
Қарт Қарауыл мұндай күйге қанықты,  
Құз етегін қанға талай малышты.  
Қалғымаса қалғымасын қарт төбе,  
Дей көрмендер қараудан-ақ жалықты.  
Бізге керек жарау тұлпар, жарау ұл,  
Кімге сенбек мына дала, сан ауыл?  
Қай қылтадан қылт етерін кім білсін,  
Қабақ қағып қалғи көрме, Қарауыл!

## ТОҚТАМЫС БЕИТІН КӨРГЕНДЕ

Көк найзасын ерменіне төндіріп,  
Ат сауырын ақ тозаңға көмдіріп,  
Осы тұста атой салған Тоқтамыс,  
Жау қосынын тізелеткен көндіріп.

Ақ сауытын қызыл қанға шылатып,  
Ақ алмасын сілтесе-ақ сұлатып,  
Осы тұста атой салған Тоқтамыс,  
Жау қатынын атқа өңгерген жылатып.

Сұр жебесін шығыршықтан өткізіп,  
Алысқанға ақ тозаңды өлкізіп,  
Осы тұста атой салған Тоқтамыс,  
Қарсыласын ақ көбікке бөккізіп.

Дулығасын таң құрымен суарып,  
Желкілдеген жеті құлаш ту алып,  
Осы тұста дамылдаған Тоқтамыс,  
Жау қосынын жайраттым деп қуанып,  
Сол қуаныш құлағы айналды қуарып,  
Сол батырлық құлағы тартты суалып...

## КӨКШЕГЕ

Армысың тауым — ақ жамбы,  
Атырдым сенде ақ таңды.  
Ұзатып сенде тамызды,  
Қарсы алдым талай ақпанды.

Барыңды менен аяма,  
Тағы да келдім саяға.  
Қарыздар мен де қалмаспын,  
Баурыңа бас та аяла.

Алдымнан күліп ақ таңым,  
Ойларға небір батқамын.  
Алаудай ыстық құмыңды,  
Құшақтап талай жатқамын.

Көңілім жайлау, жаным — бек,  
Тағы да келдім жалындап.  
Анпақ қардай құшақта,  
Жатайып тағы дамылдап.

Осы бір сәтті бұл ұлың.  
Әлі де талай сағынбақ...



## ДАЛА МҰҢЫ

Дала дейді мына жатқан әлемді,  
Сол әлемді сөз ете алсам ал енді:  
Өңірінен төрт түлік мал жамырап,  
Көкірегінен тұлпар тұяқ ән өрді.

Дала дейді мына жалпақ өңірді,  
Тербете алсаң күйі боп талай төгілді.  
Сол даланың соқа сойып сауырын,  
Қабырғасы қақырады, сөгілді.

Дала дейді мына жатқан жаханды,  
Өтті онда небір қахан қахарлы.  
Азулы аю боршалаудан болдырып,  
Айдахарың қылғи алмай қақалды.

Дала дейді мына жатқан ғаламды,  
Әлдилеген мені, сені, бабамды.  
Дала деген тарпаң еді-ау, текті еді-ау,  
Құрған торға, қазған орға қамалды.

Талыс табан алмады, таптады.  
Дидарында қалды дәуір — тат табы.  
Тулақ болған қайран дала қайратсыз,  
Қазір міне арса-арса боп жатқаны.

Дала бүгін таптырмайды торғайын,  
Одан безген боз бетеге, боз қайың.  
Саулы інгендей ботасынан айрылған,  
Шермені мол боздауымды созбайын.

## БАЛА ШЫБЫҚ

Қарасаздың шыбығын жел тербеген.

Мұдағали.

Іргесінде ауылдың бала шыбық,  
Тұратын топтан бөлек дара шығып  
Некәрімтал кезінде көз салмаушы ем,  
Дара шыққан өрімге баласышып.

Жыл жетелеп жүргенде ағатайың,  
Жетіліпті бал шыбық — балақайым.  
Естен кетпес ескі күн елесі боп,  
Ырғалады дарақтай бала қайың.

Алға ұзап кетіпін кемедейін,  
Өтті-кетті, уақытқа мен не дейін.  
Көз ұшында көлбейді көктем-қайың,  
Көкірегімді өртеген неме дейін.

## СЕЗІМ

Терімден сезім түймесін,  
Тербетіп көңіл күймесін,  
Боздамай жаным қайтсін,  
Күйінгесін, күйгесін,  
Қу тірліктен құйтырғы,  
Жымысқы құлық түйгесін,  
Жұбатасың өзіңді,  
Өртепе жаздан сүйгесін,  
Телмірген көңіл бұл жолда,  
Күйремесін, күйресін,  
Мияулы мысық дәмемен,  
Сүйесін десін, сүйресін,  
Сүйме десін, сүй десін,  
Күйме десін, күй десін,  
Еңкейгенде не керек,  
Екіндіге күй-бесін.

## ШЫМКЕНТКЕ ШАШУ

### Асылбек құдаға

Армысың атағы асқақ асыл мекен,  
Шымкенттей тым шырайлы жасыл мекен.  
Мәдгілік ұмытылмас көрген түстей,  
Жанардың шарасына басыл мекен.  
Сансыз баб тұрақ тапқан саясында,  
Жасай бер талай-талай ғасыр мекен.

Армысың аяулы өлке қызыр қонған,  
Сырың мол үзілмеген ескі қордан.  
Тәле би тектілігін ту етіп ең,  
Қазаққа болсам-ау деп болат қорған.  
Әнерің өрлей берсін өріс ашып,  
Шәмшінің шабытына тұғыр болған.

Армысың той деп келген кемел қауым,  
Болғанда сезім сел де көңіл жауым.  
Басынан көш көшірген баянды өлке,  
Қызыққа қарап қалсын Қаратауым.  
Қос жастың бақытына тілек қосып,  
Затасын арнап қалды Көкшетауым.

Таусылмас тай қазандай несібелі,  
Түркістан ер түріктің бесігі еді.  
Түгендеп Тұран жұртын ту көтерген,  
Темірдей ел есінде есіл ері.  
Алаштың ардақтысы хан Абылай,  
Көкшеге қалың қолмен көшіп еді.

Тұлпарын сал сезімнің ала қашқан,  
Жаным дәру таптым Сарыағаштан.  
Қазыбұрт, Ордабасы, қарт Қаратау,  
Сендерге ташық едім бала жастан.  
Төріне ат сабылтып келіп тұрмын,  
Көкшенің бораына қарамастан.

Желегің жасыл тудай желбіреген.  
Шымкентім, мен де өзіңдей елжіреп ем.  
Құдаңнан тілер болсаң ақтілекті.  
Қырыңа ырые қонып жел күреген.  
Сәлемін жолдан қалды қайран Көкше.  
Сексен қол -- сексен жапар молдіреген.

Келін ем тапсам-ау деп кілең бір дос,  
Болғанда жаным жарқын, көңілім хәш.  
Бұл менің көптен күткен тойым еді.  
Құдалар қалыс қалмай әніңді қос.  
Қос бота, құда-жекжат, қалың қауым,  
Сіздерге бақыт тілеп ұсындым тост!

## ТАТУЛЫҚ ТУЫ ЖЕЛБІРЕП әні бар

Атырау, Алтай, Алатау, Арқа арасы,  
Кереге қанат қыраңды қазақ даласы,  
Бірліктен ташқан береке, ырыс, бақыттың,  
Ерікті елдің келбетіне қараның.

Тәуелсіз елдің төбеден аумаң байрағы,  
Бұлбұлы таңнан мәуелі бақта сайрады,  
Келбеті бөлек келісті мына елімің,  
Гүлдене бермек, береке тұнған аймағы.

Ұмтылып күнде арманға биік еңселі,  
Көтере бермек баурлас халқың еңсені,  
Ғажап қой достар, дидарын сүйген  
ақ шуақ,  
Татулық туын құлатнас елдің ертеңі.

### Қайырмасы:

Біздің Отан татулықтың тұрағы,  
Шырқалар әлі бауырластықтың ұлы әлі,  
Сертіне адал атамыздың антындай,  
Төмендемес достықтың асқақ ұраны.

## АҚМОЛА — АСТАНА

### әні бар

Қант қала жасарған шақтасың,  
Түлеген тұлпардай баптасың.  
Төріме озыңдар, достарым,  
Ашайық салтанат қақпасын.

Даққынды ертеден ел білет,  
Көркейді көсеген жер түлеп.  
Ақмолам атаңдың Астана,  
Төбеңде көк байрақ желбіреп.

Елімнің арманын арқалап,  
Өзінен шуақ нұр тарқамақ.  
Өзгерген өңірге, өзіңе,  
Шытана қарайды шар тарап.

Кетпейді тоғылған тер бекер,  
Есейер, елім де ер жетер.  
Есілдің толқынды төсінде,  
Жас ұрпақ арманын тербетер.

Самғатып қыраның көгіне,  
Өрлетіп ұлы өмір өріне.  
Барасың адымдап, Астанам,  
Келешек ғасырдың төріне.

### Қайырмасы:

Ақмола — ақ қалам,  
Жаңарған жас қалам.  
Сарыарқа төсінде,  
Сымбатты Астанам.

## ДАРА ТҰЛҒА

Ардақты аға Байқен Әшімовке.

Деланың дара біткен дарағындай,  
Кеудесі қарт қобыздың шанағындай,  
Еңсерген елдің жүгін еңсесімен,  
Қазаққа керек-ақ қой аға мұндай.

Дәуірдің дауылынан жығылмаған,  
Мәрт мінез шар болаттай құбылмаған,  
Арына дақ түсірмес асыл адам,  
Байлыққа, мансабыңа бұрылмаған.

Ары бар жүгенсізге жүгінбеген,  
Серті бар тар соқпақта сүрінбеген,  
Сексеннің сенгіріне шықса дағы,  
Көкшемдей еңсесі тік, бүгілмеген.

Халқының бойға жиып даналығын,  
Өз жанын жиі тербер саналы ұғым,  
Тұлғаңнан танып еді барлық әлем,  
Қазақтың оқшау біткен даралығын.

Ер көңіл еңсе түсін басылама,  
Көкшенің күйін көріп жасыма, аға,  
Ел бүтін, халқың аман, үміт биік,  
Тойыңыз тарқамасын, асыл аға!



## ТЕКТІЛІК

Республиканың еңбегі сіңген дәрігері  
Қайырлы Құрмановқа.

Жігерің бар жүз жігітке жетерлік,  
Қайратың бар тасты жарып өтерлік.  
Мінезің бар аңқылдаған ақжарма,  
Бір өзіңнен көрген емен бөтендік.

Халқым десең қайыспаған нардайсың,  
Соқпақтардың соқтықнасын тандайсың.  
Елдің жүгін ерте өңгерген өренім,  
Жыя жолда қажымайсың, талмайсың.

Жаратыпты тәңір сені бетті ғып,  
Көрген жоқсың шалқар көлден шет тұнып.  
Бір басыңнан табылады, Қайрекем,  
Манаға лайық ақ алмастай тектілік!

## АРДАҚТЫСЫ ЕЛІНІҢ

Республиканың еңбегі сіңген дәрігері  
Өмірбек Бәйкеновке.

Айналмай откен уақыт елесіне,  
Қалдырып мол қуаныш ел есіне.  
Алқынбай көтерілдің, ардақты аға,  
Алпыстың атап аспас белесіне.

Табам деп табандатқан ғасыр емін,  
Төгілген омырауға моншақ терің.  
Халқыңа жүрек отын бөліп берген,  
Жақсы аға, жапың шуақ асыл едің.

Аңғарар жасқа келдік ер мен езді,  
Бұл көңіл немі байқап, немі сезді.  
Күніне қырық қайталау артық емес,  
«Көкшемде Өмекең бар», — деген сөзді.

Мың алғыс елге елеулі бағаң үшін,  
Қуанам алпыс асқан қадам үшін.  
Тост алу айып болмас ағайындар,  
Ардақты Өмекеңдей ағам үшін.

## ІЗГІ ТІЛЕК

**Облыстық мұсылман әйелдері  
қоғамының төрайымы Қымбат  
апама.**

Ұлтыңды сүйдің,  
Отына күүдің алаулап.  
Мен білетін Көкшеде.  
Өзіңдей ана санаулы-ақ.  
Тіл үшін толқып,  
Қашнадың қорқып жыраққа.  
Ізdediң жауап жалықпай.  
Тірлікте сансыз сұраққа.  
Дін үшін талмай,  
Бір тышым алмай талпындың.  
Шашуын шашып тойлардың.  
Алғысын алдың халқыңның.  
Өсірдің ұл-қыз,  
Жайнасып жұлдыз көгінде.  
Ақ жаулық киген ана боп,  
Көкшенің отыр төрінде.  
Жаныңнан шуақ,  
Еойыңнан қуат сарқылмай,  
Жүре бер ана, ортада,  
Қыз кезіндегі қалпыңдай.

## КӨҢІЛІ БАР КӨКТЕМДЕЙ

Нүрпейіс Садуақасовқа.

Нар жігіттің көш басшысы Нүрекең,  
Нүрекеңді бүгінгі күн жыр етем.  
Жаны жомарт, көңілі бар көктемдей,  
Өмір жолы өрнегі мол сыр екен.

Бала жастан биіктерге талпынған,  
Қылығы жоқ қиындықтан тартынған.  
Алпыс жастың асқарына шықса да  
Кездері кем асуларда алқынған.

Аңқылдаған адалдықтың сырласы,  
Бір өзінен басталады жыр басы.  
Туған елге бар еңбегін арқаған,  
Оқжетпестей дара біткен тұлғасы.

Сонылыққа соқпақ салып келеді,  
Төңірекке шуақ нұрын төгеді.  
Бойда қуат, ойда ақыл барында,  
Туған жұртын сан қуанта береді.

Қайран уақыт бір қалыпта тұра ма,  
Жақсы адамның тегін түптеп сұрама.  
Көкшетаудай кербез сұлу қалпыңмен,  
Ортамызда жарқылдан жүр. Нұр аға.

## ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН БІР ТҰЯҚ

Полковник Балғабек Балташовқа.

Еңбегің бар елің сыйлап елеген,  
Көңілің бар ақ шуаққа бөлген.  
Балташевтер әулетіне жол бастар,  
Аумайсың сен ақ желкенді кемеден.

Қаршығадай тұрнатың бар талпынған,  
Кездерің жоқ қия жолда алқынған.  
Шенеуінек болсаң дағы шекпенді,  
Алғыс алдың аялаған халқыңнан.

Атаң анау Жанбота еді жарықтық,  
Бірысымен елді жүрген қарық қып.  
Сал Біржанға напа болған сол бабаң,  
Ұлы адам ғой айтар болсақ анық қып.

Ақындарда белес бар ма баспаған,  
Көңілдерде сыр қалды ма ашпаған.  
Бүгінгінің болыстары Біржанын,  
Түрмесіне қамаудан да қашпаған.

Мұның бәрі айта салған елес қой,  
Бар миссия сірә жеңдет емес қой.  
Ұрнағыңмен бірге жаса, Балтеке,  
Құтты болсын алыс деген белес той.

## ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ ЖҮРЕКПЕН

Естай Мырзахметовке.

Есағал

Есінде ме бала күнің,  
Кеудеңе қондырып ая дала гүлін,  
Тындаушы ең талмау шақта құлақ түріп,  
Тоғайдан төгілдірген бұлбұл үніп,  
Талпынып бала қиял қанат қағып,  
Толғандың тылсым тірлік сырын бағып,  
Өмірдің өзіңе аян аясындай,  
Жататын көкірегіңнен бұлақ ағып,  
Ғаламның сырын түйіп, күйіп ұққан,  
Талант ең тастақ жерді жарып шыққан,  
Жалына жармасқанда қу жалғанның,  
Ұлы өмір өбек қағып жасын сыққан,  
Салсам деп асау жанға тұмылдырық,  
Жатса да қатал тағдыр сүріндіріп,  
Күрескер қуаты мол іңкәр жүрек,  
Көрмеген мына өмірден түңілдіріп,  
Уақытың жатса дағы жүгіндіріп,  
Жылдардың, тірлігіңнің тілін біліп,  
Көк шақпақ мінезіңнің мерейі үстем,  
Келесің өмір сырын ұғындырып.

Айналдың қаламымен сүйікті елге,  
Бой бермей келе жатсың күйіктерге.  
Арайлым арайына бөлеп алып,  
Медет боп көтерілдің биіктерге.  
Соқтырып Сарыарқаның самал желін,  
Көп кездің Көкшетаудың құба белін.  
Батыраш бізде дағы толып жатыр.  
Ақаның ұрын жыққан Құлагерін.  
Тек соның түсін қалмай қақпанына,  
Жолықшы адал көңіл ақтаңына.  
Намысын туған елдің көтерелік,  
Айналып алқамы топ мақтанына.  
Қазаққа құйтырқылық таныс қылық,  
Жіберер жан табылмас табыстырып.  
Сенбесең көңілімнің ардай ағын,  
Қарашы жүрегімді жарып тұрып.  
Басыңнан өтіп жатыр өмір селі,  
Ұстаз деп санаушы едім, Аға сені.  
Мені де шаттандырды, мақтандырды,  
Жетпістің желпи соққан қоңыр желі.  
Қалмасын менің дағы тілегім кем,  
Қозғалды көкірегімнен сірескен сең.  
Самғай бер, Көкшетаудың көк түйғыны,  
Өмірді сүйген ғажап жүрегіңмен!

## НЕМЕРЕМ МЕДЕТКЕ

Медет-жан, айналайын балапаным,  
Кеудене қотарын ап дала таңын,  
Періште қылығыңмен мөлдіреген,  
Атаңның аялай бер алақанын.

Медет-жан, айналайын құлыншағым,  
Соқтығар қара көрсе ұрыншағым.  
Алаңсыз сәби шақтың жайылауында,  
Желбіреп шапқылай бер тұлымшағың.

Медет-жан, айналайын қоңыр қазым,  
Өзіңмен коріктірек көңіл жазым.  
Сенімен кетілгенім жетілгендей,  
Өзіңмен мазмұндырақ өмір назым.

Медет-жан, айналайын қалқа балам,  
Тойымсың мәңгілікке тарқамаған.  
Күні ертең азамат бол аты мәлім,  
Еліңнің арман жүгін арқалаған.

Медет-жан, ерттеп мініп қазанатын,  
Білікке көтерер бол қазақ атын.  
Ата-анаң, туған туыс қызығы боп,  
Жасап бер жас елімің азаматы!



## ЖЕҢЕШЕ

Ұмыта алмай қосағыңның түр-түсін,  
Жүрген жүріс, сөйлеген сөз, күлкісін,  
Мұңлығым-ау, жол қарайлап әлде сен,  
Жолаушылап кетті ғой деп жүрмісің.

Өлім деген кейде аза, кейде сын,  
Ұмыта алмай жан жарыңның бейнесін,  
Жіп-жіп ніскеп қойып жүрмісің,  
«Тоздыра алмай кетті ғой» — деп  
жөйдесің.

## КӨКШЕТАУДА ҚАЛАМЫН

Теріскейден ызғырық соқты-ау ысқаяқ,  
Шыныменен қалғаны ма қыс таяп,  
Елендеймін әлде неге мазасыз,  
Түстік жаққа жол тартатын құстай-ақ.

Қызығыңды жатсам дағы құшпай-ақ,  
Бас сауғалар жағдайым жоқ құстай-ақ,  
Тағдыр сиып көтеремін Көкшемде,  
Бір қиырға қанат қағып ұшпай-ақ.

**II БӨЛІМ**

**ҚАРАСАЙ—ДАСТАН**



# ҚАРАСАЙ—ДАСТАН

Бабам менің Қарасай  
Шапқанда елді жау талай  
Айырып алған батыры!  
жамбыл

Ұры сай — Қой маңырақ, Қозы маңырақ,<sup>1)</sup>  
Осы тұс ошарылған қалың қалмақ.  
Жоңғардың жебей жортқан көкжалдары,  
Аңғал ел — қазақ жұртын шауып алмақ.  
Қырланған жай тасындай бір көк береп,  
Қалмақта қос қонтайшы Ұса. Серен.  
Бөрідей бел астында бұғып жатыр,  
«Тисе, — деп, — Қарасайға жасыл жебем!»  
Өйткені ол мына жұрттың қалқан-белі,  
Ол барда жатқа кетпес қазақ жері.  
Ол барда қолға тұтқан алаш туы,  
Жығылмас сарқылғанша ақтық демі.  
Ол — заңғар қиясынан қыран ілер,  
Ол — терең, кім тұңғиық сырын білер.  
Ту тұтқан талыс кеуде Қарасайды,  
Жоңғарда ұл туған жоқ сүріндірер.  
Жортқан ол жолбарыстай қалың жымда,  
Қақталған қызыл шақат бетпақ құмда.  
Елім деп еңіреген есіл батыр,  
Түнеген ақ кіреуке тайғақ мұзда.  
Түн қатып, түсі қашып, жаннан безген,  
Абыздай сырлас іздер құла түзден.

---

<sup>1)</sup> Қой Маңырақ,

Қозы Маңырақ — қалмақ қолымен  
қазақтардың соғысқан жері.

Талқы тау, Тарбағатай. Ертіс, Балқаш,  
Етегін Ерейменнің екшей сүзген.  
Ол батыр қақпан белді құла мінген,  
Ел үшін намысы — от, ары — безбен.  
Сабадай сарқылмаған қуат солып,  
Көз жұмса жұрт жұтарын сергек сезген.  
Қазақтың бағы да осы, таңы да осы,  
Әп айтып, күй шерттірер көңіл хошы.  
Ол барда бақыттырақ сезінеді,  
Ақ орда, жарты лашық, қоңыр қосы.  
Найзаға жау міндірін масаттаған,  
Сусынын сап қандырған қасат қардан.  
Өзім деп өзеуреген оңезге де  
Жауығын, гайбат айтып, тас атпаған.  
Алды кең қазағының даласындай,  
Қарасай осы жұрттың панасындай.  
Сынырын томағасын талай жасты  
Соқынап ерте білген баласынбай.  
Солардың бірі Ағынтай — аргын тегі,  
Мекені Арқа төсі — Көкше жері.  
Қарасай қосынына қосылыпты,  
Күшейін күннен күнге көңіл шері.  
Мазалап қазақ елін құба қалмақ,  
Қаныда ебін тауып шауып алмақ.  
Дұшпанның озбыр қылық сырын сезген,  
Қол бастар батырларға түсті салмақ.  
Ел десе намыстары шоқтай жайнап,  
Сан батыр сап түзеген қару сайлап.  
Үш жүзің атқа қолған атой салып,  
Қнырдан қықу шықса «Қарасайлап!».  
Найзаның сағасына байрақ байлап,  
Қайтарған қалың жауды «Қарасайлап!»  
Сол сарын Сары Арқаны көктей өтіп,

Менің де құлағыма жеткен жайлап,  
Қарасай ақ беренін айға білеп,  
Қан басқан қос жанары ұрыс тілеп,  
Тұяғын тасқа жаныр тастүлектей,  
Сышырып томағасын шығар түлеп,  
Тас талқан, тау кетсе де қиратылып,  
Қарасай танытпаған оқшау қылық,  
Жауына атылатын аш бөрідей,  
Қыл арқан қуатындай ширатылып,  
Батырлар бұғынбаған шатыр асты,  
Сан соғыс талайлардың бағын ашты,  
Солардың ортасында Ағынтай мен  
Қаһарлы Қарасай бар шапырашты,  
Қос батыр қатар сілтеп найза-қылыш,  
Жауына ала бүлік салған ұрыс,  
Ойратқа ойран болып тиер еді,  
Ұрыста болмаған соң қарап тұрыс,  
Қалмақтың бас батыры Доржы Цэрэн,  
Аланат аюдайын күші ерен,  
— Жекпе жек! — деген шақта, қарсы  
беттен,

Сурылып шыға келді бір жас өрен.  
— Апырмай, тештек неме қанжылар ма,  
Әккі жау оңайлықпен алдырар ма? —  
Дегенше болған да жоқ, қапы соққан  
Боздақтың басы кетті қанжығада.  
Қарасай қаһарланған ыза төгіп,  
Жауына келіп қалды таймай төніп,  
Найзасын толғай қадап көтергенде,  
Доржының қабырғасын кетті сөгіп,  
Соғыстың алды — өлім, арты — тайғақ,

Әр тұстан ат қойысқан андағайлап,  
Қазақтар дабылдатып, кернейлетіп,  
Лап қойды қалың шеңке «Қарасайлап!»  
Сауырын тұшарлардың қанға шылап,  
Сарбаз көп ат жалына жатқан сұлап,  
Көк жебе оңменінен көктей өтіп,  
Жау да көп жасыл жонда жатқан құлап.  
Ақырған арыстандай ыза кекпен,  
Ағындап біреу шықты қарсы бетпен.  
Қылышын қанға малған Қарасай ол.  
Жау шебін көк жебедей жарып өткен.  
Арылтып қазақ жерін қалың жаудан,  
Асырып жіберіпті Талқы таудан.  
Ашылып Қаратаудың қарт қабағы,  
Сары Арқа бір желшінді саумал сауған.  
Қалың ел қайта түлеп жадырады,  
Әр тұстан сүйіншілеп жамырады.  
Айрылған анасынан жетім қозы.  
Сай асты қалып қойған маңырады.  
Босқан ел жұртын іздеп сандалады.  
Іс-лер күн тірлігіне қамданады.  
Шұбаған қалың көштің ізімені.  
Қанатың қанға малған ән барады.  
Басылмай батырлардың арындары.  
Шоқ болып лаулап қайта жалындады.  
Ағынтай аға тұтып алып келген,  
Қарасай Көкшеге кеп дамылдады.  
Көкшетау Қарасайды ұлым деді,  
Даңқыңды естуші едім бұрын деді.

Ғырық жыл қырқысумен өттің батыр,  
Атсаңшы біразырақ тыным деді.  
Ақ дәмін сарқа құйып көнектегі,  
Ел сөйгіп Қарасайға өбектеді.  
Тербетті Айыртаудың арулары,  
Батырды әп-бесікке бөлеп тегі.  
Жынып-той батырларға арналады,  
Жапп тербер серілер мен салдар әні.  
Батырмен түп ләззетін бөліседі.  
Көкшенің қоңіл қосып кермаралы.  
Тұса да қырау қабақ ашулы ақпан,  
Қос батыр қара орманың аңын қаққан.  
Оқыста жардап құлап Қарасайдың,  
Жарасы жаңғырығып жанға батқан.  
Сол жара келе-келе асқынады,  
Тірліктің тоқтар болды тасқын әні.  
Қарасай аһ ұрғанда елін ойлап,  
Баянның<sup>1)</sup> егіледі жас құрағы.  
— Тірліктің бітер емес сұрақтары,  
Ел шалғай, шапырашты жырақ қалды.  
Бақұл бол алыс-жақын бауырларым,  
Қайран жан Көкшеге кеп тұрақтады.  
Қиялым қиырларға шақырады,  
Туады еңселі елден батыр әлі, —

---

<sup>1)</sup> Баян, Айыртау — қол, тау аттары.



Көз жұмды қайрап батыр осылайша  
— Көкшенің бұйырсын, — деп, топырағы.  
Солайша Қарасайға қаза жеткен,  
Ағынтай ағатайлап жасын төккен.  
Қазақтың хас батыры өтті десіп,  
Қаптады ала шекпен, қара шекпен.  
Сөндіріп қаудай жанған қалың өртті,  
Жүректен сылып тастап иала дертті,  
Қазаққа азаттықтың таңын сыйлап,  
Қарасай жай оғындай ағып өтті.  
Ағынтай ұзамады, ол да өтті.  
Қалың ел қорғаным деп жасын төкті.  
Қос батыр мәңгілікке құшақтасып,  
Баян тау іргесіне барып шөкті.  
Баян тау Баян көлдің етегінде,  
Айыртау айыр жолдың жетегінде.  
Қос батыр дамылдаған жасыл төбе,  
Аңыз боп келешекке жетеді де.  
Қаймықпас жүрер жолдан тар екен деп,  
Көтерген елдің жүгін нар екен деп,  
Сенейік көшті бастар болашаққа,  
Ұрпағы батырлардың бар екен деп.  
Жас елдің үміт-гүлі солмасын деп.  
Басына бақыт дәуір орнасын деп,  
Тілейік елін бастар ерлерімді,  
Аруағы бабалардың қолдасын деп!

**III БӨЛІМ**  
**ЗАУАЛ—ДРАМА**

## З А У А Л

(Бес көріністі фантазмагориялық драма)

### ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

1. ЖӨЙІТ ХАН --- Мәңгірттер елінің билеушісі.
2. АРГЫН-АНА --- Адамдар анасының жынытық бейнесіндегі кейуана.
3. АРЫС --- АРГЫН-Ананың ұлы. 20 жаста.
4. ЖЫЛМАҢ --- Жөйіт ханның уәзірі.
5. САПҚЫМАЗАҚ --- Хан сарайындағы қуақы. ұсқышсыз. құныс адам.
6. АҚЫН. ҒАЛЫМ. БАТЫР.
7. ТОРҒАУЫТТАР. БИШІЛЕР. ХАЛЫҚ.

## БІРІНШІ КӨРІНІС

Оқиға есте жоқ ескі дәуірде болады. Жәйіт ханның ордасы. Тақта хан, оң жағында уәзірі Жылмаң, сол жақта төмендеу Сайқымазақ, Орда маңында соғылған сендей теңселген халық. Нүріс-тұрыстары, қимыл-әрекеттері оғаш. Бәрінің бастарын қаншаған тері жарғақ, бәрі мәңгірт).

### ЖЫЛМАҢ:

Та, хан нем!  
Мына жұрттың  
Еркектері құл болды.  
Әйелдері күң болды.  
Әйт дегенде өргізіп,  
Шәйт дегенде жусатар,  
Мамыражай күн болды.  
Та, хан нем, жарадың!

### ЖӘЙІТ:

Сөйтпесе тәйірі бола ма,  
Темір құрсау салмасаң,  
Қолыңа билік қона ма?  
Халық деген тобырды,  
Ақыл-естен тона да,  
Қалың қойдай тоғытып,  
Қама да қой қораңа  
Тырп етпейді теңсініп.  
Ха-ха-ха-ха-ха!

### САЙҚЫМАЗАҒ:

Өкең Дөйден де қулығың асып кетті  
Сұмдығың таразыны басып кетті.  
Халқыңның төбесіне қазық қағып,  
Неге сонша мейманың тасып кетті.

### ЖЫЛМАҒ:

Құлық емес, ақыл де.  
Ақылды ісін мақұл де.  
Айдағанға көнетін.  
Байлағанға төзетін.  
Халқы қойдай өретін,  
Хан билігінде қақың не?

### ЖӨИТ:

Халықты әп жыландай арбау керек,  
Тәтті беріп кей кезде алдау керек.  
Сен сорлы оны қалай түсінбейсің,  
Ақылға қулығыңды жалдау керек.  
Уысыңнан шығармас шідер жолды,  
Билігі бар хан біткен таңдау керек.

### ЖЫЛМАҒ:

На!  
Міне ақылдың көкесі.  
Осылай болу керек қой.  
Ел билеудің төтесі.

### САЙҚЫМАЗАҒ:

Хан тұсында карашан,  
Қан жыласа бола ма?  
Шалыс шідер, тар тұсау —  
Қайғының орны тола ма?  
Көздің жасын көп көрген,  
Басыңа бақыт қона ма?

Топасан да ырысың.  
Ақыл-есің тонама?

**ЖӨПІТ:**

Ақылып қара жазғаншың.  
Тарақ сұрар таздан кім?  
Көндірем деп көнбестің.  
Көрін терең қазғанмын.  
Жазалаңдар тездетіп.  
Аздырған кім, азған кім.  
Көрін алдық соңынан.

**БАТЫР:**

Дат, алдияр!

Елім деп ерте ат жалын тартып мінгенмін,  
Қарсыласқан жауымның етегін талай  
түргенмін.

Басынбақ болған дұшпаншың  
Қидалап басын қанжығама ілгенмін.  
Әкең Дойдің тағын да талай қорғадым.  
деуші еді бейбақ: болдың деп болат  
қорғаным.

Сен болсаң бүгін жалпақ елді жылатып,  
Қартайған маған телпек кигізіп қорладың.  
Тыыл мына мазақтан!  
Құтқар елді азаптан!

**ҒАЛЫМ:**

Ашу — дұшпан болғанда, ақыл — қорған,  
Таяқ жеуің заңды ғой өзі зордан.  
Алдияр, амал ізде асқындырмай.  
Халқыңды алып шығар қазған ордан.

**АҚЫН:**

Не жөнің бар жұртыңды жылатарлық,  
Мәңгүрттіктің құзынан құлатарлық.

Жөргек еткен жүрегін сорлы ақыңды,  
Сөзің бар ма бір ауыз жұбатарлық.  
Қылығыңды қай пенде құп алады,  
Құп алады, жыламай жұбанады.  
Халқынан алғыс алмай қарғыс алған,  
Қай патша алтын тақтан құламады.

**ЖӨИТ:**

Тоқтатыңдар шәуілді босағада!  
Жоқ қылармын шындасам осы арада!  
Жұрттың ақылы далбаса,  
Ханы ақылды болмаса.  
Үшеуіңді тыңдауға  
Құлықты боп тұрғаным жоқ мен де аса!

**САМҚЫМАЗАҚ:**

Алдияр!  
Анау біреуі ақын еді,  
Халқына жақын еді.  
Тері телпек кигізбеңіз.  
Әр сөзі иманшарттай мақұл еді.

**ЖЫЛМАҢ:**

Бар пенде ақыннан шығады,  
Халқына жақыннан шығады.  
Басына телпек қаптатыңыз,  
Торғарына таптатыңыз.

**САМҚЫМАЗАҚ:**

Апырды!  
Анау біреуі ғалым еді,  
Еңбегі еліне мәлім еді.  
Құтқарыңыз!

**ЖЫЛМАҢ:**

Ғалым ба, ғалым?  
Ғалым емес, ғалым.

Құтқармаңыз,  
Қаптатыңыз,  
Ұлтанға салып тапсатыңыз!

### САИҚЫМАЗАҚ:

Анау тұрған осы елдің батыры еді,  
Әкең Дөйді қорғаған жақын елі,  
Қорғағайсың, алдияр!

### ЖЫЛМАҢ:

Батырды батпаңдатып соқпақ керек,  
Халқына қарсы сілтер тоқпақ керек,  
Аямаңыз! Кінгізіңіз телменгі,  
Тезге салыңыз тентекті.

### ЖӨНІТ:

Жөн, Жылмыңым, жөн,  
Ақын да, ғалым да, батыр да,  
Бұл елге керек емес,  
Олардың жандары  
Мына жұрттан бөлек емес,  
Қаптаңдар!  
Таптаңдар!  
Хан үмітін ақтаңдар!

(Торғауыттар бір топ адамды шөкелетіп қойып бастарына тері жарғақ қаптайды).



### ЖЫЛМАҢ:

Тағы да жүз тобырға,  
Тері телпек қаптадық,  
Мәңгүрт болсын міскіндер,  
Табанға салып таптадық.  
Ел билеуде епті жол,  
Тапқан ханды мақталық.

### САҢҚЫМАЗАҚ:

Елдің іші бүлінді,  
Шыбын жаннан түңілді.  
Есі бүтін елде жоқ,  
Ауырлаттың жүгімді.  
Қараң қылдың күнімді,  
Уәзір Жылмаң, хан қатал.  
Інімге айтамын мұңымды.

### ЖЫЛМАҢ:

Мынау жалған сөйлейді,  
Естімей жүр гөйі-гөйді.  
Елде есті біреу бар,  
Оның аты Арыс-ты.  
Ақыл айтып халыққа,  
Келтіріп тұр намысты!

### ЖӨПІТ:

Арыс деймісің, Арыс?  
Маған да аты тапыс.  
Мына мәңгүрт халықтан,  
Қалай қалған қалыс?  
Қай қырда жүр екен,  
Жылдам хабар алыс.  
Ақылдының аяғын,  
Бастырмайың шалыс.

Бір ақылды қалса елде,  
Сонда болар тамыс.

**ЖЫЛМАҢ:**

Осы елдің бар той әлгі,  
Арғын деген анасы,  
Арыс соның баласы.

**САИҒЫМАЗАҢ:**

Мәңгірт болды  
Екі бірдей ағасы.

**ЖӨПІТ:**

Екі ағадан,  
Артық болды-ау шамасы.

**САИҒЫМАЗАҢ:**

Арғын-Ана жанарының  
Ағы менен қарасы.

**ЖЫЛМАҢ:**

Мынау иттің көлгірсуін қарашы

**ЖӨПІТ:**

Жоқ! Жоқ! Тоқтат!  
Естімейін былшылды!

**ЖЫЛМАҢ:**

Ақыл айтар хан тұрғанда  
Ол неме.

Ақыл айтып неге гама  
Құлшынды.

**ЖӨПІТ:**

Торғауыттар аттансын.  
Әкеліңдер алдыма.  
Байлап-матап Арысты!  
Есі барды есек қылам,  
Ақылдымен тоқтатпаймын,  
Атысты да шабысты.

Мәңгүрт еште қажет емес,  
Көп ақыл!  
Көп ақылға көпір болу —  
Хан басыма намыс-ты!

**ЖЫЛМАҒ:**

— Жоңғар, хан нем,  
Ақылдың дарақ,  
Дарыққа басымды нем,  
Етігіңнің астындағы есеншік,  
Етегіңді сүйем.

(Хан алдында етпеттей түсіп, етегіне еріңін тигізеді).

**САЛҚЫМАЗАҒ:**

— Үзгір арсыз,  
Хан қаһар,  
Қамардың той дозаққа,  
Қалдырдың той азанқа,  
Қалай ғана шыдармын,  
Мына мәңгүрт мазакқа!

**ЖӨПІТ:**

Аттарыңдар!  
Төртәуыттар-қырандар!  
Менде бүгін  
Жалғыз ғана ұран бар:  
Ақыл — азып,  
Сол азантан мен елімді  
құтқарал.

Қойдай өріп,  
Спырдай күйсер,  
Санасы жсқ сандалған,  
Алғыс айтар жұрт маған.

Етің қатты ойлайтын,  
Ойға терең бойлайтын,  
Мына ханы мен барда,  
Кімге мұрат  
Ойдың уын ұрттаған.  
Ақыл — азап,  
Ой — дозақ.  
Дозақ кімді құртпаған.  
Аттаныңдар!

Мынау елде бір ақылды қалмасын.  
Мәңгүрттікті мәңгүрт қана жалғасын!  
(Қарулы торғауыттар аттанады жан-жаққа.  
Теңселген халық. Қаһарланған хан қалады  
ортада).

### ЕКІНШІ КӨРІНІС

(Жарты лашық үйі. Дала. Таң жаңа ғана сі-  
бірлеп атып келеді. Алыс қиырға алаңдай көз  
тігіп Арғын-ана тұр. Аңға кеткен Арыс ұлы-  
ның жолын тосқан қалпы бар).

#### АРҒЫН-АНА:

Уа, Жаратушы жасаған,  
Жалғызыма тас атқызба тасадан.  
Аз дейісің мәңгүрт елде,  
Тойғанына мас адам.  
Аз дейісің мына елде,  
Жауыздығын тасқа апарып,  
Өшпестейі ғып қашаған.  
Сақта менің жалғызымды,  
Жаббар-пем, жасаған...  
Сол жалғызды тірек етіп тұр міне,  
Жарты лашық — босағам.  
Жөйіт ханның қосынына қосылды,  
Мәңгүрт болған қос ағаң.

Сол қайғылы көтере алмай,  
Әкең сорлы көз жұмды.  
Қалдым артта аңырап,  
Мұнар шөлған мен мұңлы.  
Сәйіпін дала сен тыңдадың,  
Шемен болған сырғамды.  
Асқар таулар сен тыңдадың,  
Сыры бөлек жырымды.  
Сырым, мұным жарды соғып,  
Жараланды, бұлқынды.  
Бұлқынды да жұмқынды.  
Біле алмадым қу тірік  
Арысы аман құсқынды.  
Мөңгірт елде мұңымды,  
Кім тыңдады, кім білді  
Еш пенде, еш пенде...

(Күңіреніп егілген болады. Алыстан сыбызғы үні, иттің үргені естіледі. Арыс келеді. Үстіне артып алған аңшылық асай-мүсейілері бар).

#### АРЫС:

Анашым-ау, неге тұрсың;  
Қаралы шапап жамылып,  
Қос жанарың қалыпты той,  
Мөлдір шыққа малғыһын,  
Арысыңдай ұлың барда,  
Жөп бола ма тұруың,  
Қайғы кешін, жабығын,  
Қалғаның ба қайсарым-ау,  
Қайғы-шерге бағыһын,  
Әлде мені қалғаның ба,  
Түске жетпей сағыһын.  
(Еркелеп бауырына басады).

АНА:

Неге сені сағынбайын, боташым,  
Сен анаңа тірек, паңа жотасың.  
Қалған қысқа ғұмырыма,  
Зор қуаныш қосасың.  
Сені алғанша Жөйіт хап,  
Мені мынау тамырымнан аласың.

АРЫС:

Тек, жан-ана,  
Ол жауызды ағам.  
Жөйіт аты жамандық  
Ал жамандық жақсылыққа жақсы ма?

АНА:

Қорқайын дедім сол немеден:  
Шешандатып найзасын,  
Өңменіме кезеген,  
Сен кеткен соң көліп кетті,  
Қос торғауыт теңсініп,  
Саусақтарын бөзеген.

АРЫС:

Не дейді сонда?

АНА:

Не десіп,  
Хап алдына келсіп дейді баяғы,  
Тез жетсіп дейді Арысың,  
Болса екі аяғы,  
Ал келмесе Жөйіттің  
Желкелемек содыр, соңдар, сояғы,  
Төбеде ойшап таяғы,  
Хауш күтем Жөйіттен,  
Ол жауыз,  
Қай пендесін аяды?!

**АРЫС:**

Қос ағамды мәңгүрт етті,  
Сол да оған жетпей ме.  
Болмаса мына өлкеден,  
Бізге мүлде кет дей ме?

**АНА:**

Қалың елін қан қақсатты, қаңғыртты,  
Әкесі Дәудің көксестығын жаңғыртты.  
Ақыл-естен адасқан соң адамның  
Адамдығын ұмыттырып,  
Көбейтті ғой мәңгүртті.

**АРЫС:**

Әттең, әттең!...  
Қолдан келсе көк найзаны,  
Көкірегіне қадар ем.  
Еңіреген елімнің  
Есесін бір алар ем.  
Әттең, әттең!...  
(Ашу шақырып теңселіп кетеді).

**АНА:**

Қой, қой, ұлым,  
Олай деме.  
Жауыздыққа жауыздық —  
Жөпсіздердің жосығы.  
Көңіліңе тоқы дағы  
Білші балам, осыны.  
Қалың жауға жалғыз шаппа,  
Қан құстырар қосыны.  
Қалың қосын аямайды,  
Найзаға іліп кетеді.  
Өлім түбі — өкініш.  
Түбіңе сол жетеді.

Жасқа толсын демесен  
Сорлы анаңның етегі.  
Сабыр түбі — сары алты! --  
Сабыр етсең нетеді.

АРЫС:

Сабыр, сабыр... (күйініп)  
Сабыр сақтар заманба.  
Көп терідей көпгерлік,  
Мұрат боп на адамға.  
Тақта отырған тасырдың  
Қалайы де одан да!  
Ақылынан адастырған ел үшін  
Көк жібермен наданға!  
Қан!  
Көп тілеймін, жан-ана!

АНА:

Тек, тек, ботам.  
Айта көрме сұмдықты.  
Қорқаулықтан кім ұтылды, кім ұтты.  
Жауыздықтың шырмауына  
Кім шатылды, кім бұқты.  
Айтпа маған.  
Айта көрме сұмдықты.  
Жүр оданда дамылда.  
Айналмасын жас жүрегің,  
Алаулаған жалынға.  
Жалын түбі көмір ғой.  
Көмір түбі өлім ғой.  
Сүйенішім, сенерім,  
Сенің бүгін толғайтының.  
Өлім емес, өмір ғой!  
(Ана мен бала лашыққа енеді).



## ҮШІНШІ КӨРІНІС

(Жөйіт ханның ордасы. Тақта — Хан. Оң жағында уәәірі Жылмаң, аяқ астында бүк түсіп Сайқымазақ отыр. Киімі әлем-жәлем. Бишілер биін тамашалап отыр. Зеріккен, еріккен Жөйіт есінейді, керіледі. Сәлден-соң бишілерді қуып жібереді).

### ЖӨЙІТ:

Әй, Жылмаң,  
Ел не боп жатыр?  
Басына орнады ма заманақыр.  
Орнамаса орнатайын,  
Тобырдың орны қалсын айдай тақыр.  
Хи-хи-хи...

### ЖЫЛМАҢ:

Алдияр,  
ел есінен танып жатыр,  
Қоңыздай өрген қойын бағып жатыр.  
Бірін-бірі аңдыған оңкей мәңгүрт,  
Бір-бірінің артына қазықты қағып жатыр.  
Ха-ха-ха...

### ЖӨЙІТ:

Қағып жатыр дедің бе,  
Қақсын, қақсын!  
Қойларын қоңыздайын,  
бақсын, бақсын. Ха-ха-ха!

### САЙҚЫМАЗАҚ:

Қақсын, қақсын,  
Бақсын, бақсын.  
Жөйтекем осылайша  
лақсын, лақсын.  
(Ұытты күлкі шақырады).

### ЖӨЙІТ:

Кет әрі,  
Қырт албасты.  
Сені неғып қара басты. (Теуіп жібереді).  
Әкем Дөйдің асыранды күшігі едің,  
Жөйіттің етек асты мысығы едің.  
Сен бірдеңе деші, зерігіп кеттім.

### САҢҚЫМАЗАҚ:

Әкең сенің Дөй еді.  
Жігіттердің сойы еді.  
Қыста арба, жазда шана жеккен,  
Өз әкесі Өздеңді басқа тепкен.  
Анаң қатын біткенді табалаған,  
Ордаға кірген жанға абалаған.  
Жастықтың желігіне түскен кезде,  
Жөргектегі саған да қарамаған.

### ЖӨЙІТ:

Тек, өтірік!  
Ол маған қараған.  
Қарағаны сол,  
Мені бақытына балаған.  
Әкем Дөйдің ізбасары санаған.

### ЖЫЛМАҢ:

Солай!  
Алдиярды шатастырма.  
Тұлпарды есекке матастырма.  
Жазда шана жексе жайлы болғаны,  
Қыста арба жексе сайлы болғаны.  
Әкесін басқа тепсе  
Сойған соғымы майлы болғаны.  
Дөй жарықтықтың мінгені күлік болған,  
Сақалы сақал емес түбіт болған.

Сен сияқты сайқымазақтың ақымақтығына  
Шегі үзілгенше күліп болған.  
Сол күлкіден күле берген,  
Есін жия алмай жарықтық,  
О дүниеге жүре берген.

**ЖӨЙІТ:**

Солай ма?!

Мынау әкемді өлтіргеннің өзі екен ғой,  
Елдегі көп жеңдеттің көзі екен ғой.  
Не жаза, айт. Жылмаң?

**ЖЫЛМАҢ:**

Алдияр!

Бұған өлім керек.

Өлтірген соң көрден шықпастай етіп,

Теуіп-теуіп көму керек.

Сөйтін бұл Сайқымазақтың

Сыбағасын беру керек.

**ЖӨЙІТ:**

Ха-ха-ха-ха!

Сөйтін өлім дедің бе?

Жоқ мұны сирағынан асып қою керек,

Сөйтін теңтектігін басып қою керек.

**ЖЫЛМАҢ:**

Өте табылған ақыл.

Хан жарлығына

Қол қою мақұл.

**САЙҚЫМАЗАҚ:**

Әй. Жылмаң, қылмаңдама,

Тазы иттей жылмаңдама.

Жөкеңнің әкесі күлкіден өлсе

өлген шығар,

Нұрт арулап көмген шығар.

Күлкіден өлсе шәйіт болғаны,  
Кісі өлтірсе майын болғаны.  
Онда өз әкеңді кім өлтірді,  
Сөйтіп жөнге кім келтірді,  
Соны айт!

ЖЫЛМАҢ:

Тек!  
Әкем өзі өлген  
Оны мына көз көрген.  
Көнбеймін десе де  
Ажалына көнген.  
Жалғыз ұлы — маған,  
Уәзірлік жолын берген.

САЙҚЫМАЗАҚ:

Жоқ!

Сен әкеңді арбаға байлап қойып сабағасың,  
Оған өлмеген соң зынданға қамағансың.  
Бұл қылығыңа ел куә, мен куә.  
Осы қылығыңнан қалай ғана тана аласың.

ЖӨНІТ:

Солай ма?  
Онысын естімегем.  
Уәзірімді данагөй, есті деп ем.  
Болмады. болмады.  
Бұл да әкесін қорлады.  
Мұны да саған қосып.  
Сирағынан асу керек.  
Сөйтіп тептектігін басу керек.

ЖЫЛМАҢ:

Әкемді сабағаным рас еді.  
Ол кезде бұл Жылмаң жас еді.  
Жастықта не істемейді кісі деген.

Жастықтың желігіне мас еді.  
(Осы кезде дабыл қағып, тыстан торғауыт  
кіреді).

**ТОРҒАУЫТ:**

Алдияр!  
Арғын-ананың Арысын ұстадық.  
Қабылдасаңыз тыста тұр.

**ЖӨЙІТ:**

Алдыма әкел желкелеп!

**ЖЫЛМАҢ:**

Ол неме кімге жүр-ейі еркелеп.

**САҢҚЫМАЗАҚ:**

Елде қалған есі дұрыс Арыс ұл.  
Естуші едім серті берік серке деп.  
(Торғауыттар Арысты қаумалап алып  
келеді).

**ЖӨЙІТ:**

Алдияр **де**  
Басыңды **й!**  
етегімді кел де **сүй!**

**ЖЫЛМАҢ:**

Сүйі, сүйі!  
И. и!

**САҢҚЫМАЗАҚ:**

Асыл басыңды **игізбе,**  
Етегіне ерніңді **тигізбе!**

**ЖЫЛМАҢ:**

Кет. иттің **баласы,**  
Шаптап салуын **қарашы.**  
Шошандауыңнан **шошынам,**  
Туыссың-ау **шамасы.**

(Қос торғауыт Арысты шөкелетіп әкеліп Жөйіт  
желінің алдына илкітіреді).

### ЖӨЙІТ:

Бәсе,  
Солай болса керек-ті,  
Құдіретіміз біраз хашап ерек-ті.

### ЖЫЛМАҢ:

Оған сөз бар ма, алдияр.

### САИҒЫМАЗАҚ:

Оған сөз бар ма Жөкешім.  
Деме бірақ біздің сөзді кекесін.

Мәңгүрт елің. Жылмаң «ерің» барында,  
О дүшеге тұяқ тешпей кетесің.  
Хи-хи-хи...

### ЖӨЙІТ:

Жә, таптыма!  
Бұрылып қара артыңа.  
Шөк дегенде шөгетін,  
Өкпем жоқ қой халқыма.  
Қойдай тізіп айдаймын,  
Бір шыбықпен жайғаймын.  
Қажетсінсем, қалыс жоқ,  
Көген жіпке байлаймын.  
Ал сен болсаң, Арысым,  
Болып алдың егесін,  
Жақыным емес алысым.  
Нендейі опа тапшақсың,  
Арыстапмен алысып.  
(Күнінің, желінеді).

### АРЫС:

Алдияр, дат!  
Екі ағамды мәңгүрт еттің сабалап,  
Енді тұрсың мені тағы табалап.  
Көгендеген туған халқын тексіздің,  
Жүре алмадым босағасын сағалап.

Бар ақылшың мына тұрған Жылман ғой,  
Көрінгенге тап беретін абалап.

**ЖӨЙІТ:**

Онда сенің қандай ғана жұмысың,  
Шімірікпей қара мұның тұрысын.  
Ерегіссе ерттеп мінер ханыңның  
Басқа ұрған басыбайлы құлысың.

**АРЫС:**

Арыстан ба ең, айға қалай шаппақсың,  
Сөзің сөз бе, әншейін бір шатпақсың.  
Жер қожасы өзіммін деп күпіндің,  
Тәңіріңе қалай ғана жақпақсың.

**ЖӨЙІТ:**

Көкте Тәңір,  
Онда қанша шаруам,  
Жерге қожа,  
Жерден ғана табылам.  
Жер несі өзім ғана болған соң,  
Былайғы жұрт дейді маған «табынам».  
Толған тобыр табынғанда ханым деп,  
Сен болдың-ау жеріп жүрген қағынан.  
Мың мәңгүртке бір ақылшы жетеді,  
Оп отарға бір қасқырың,  
Сірә көптік етеді.  
Ақыл — азап. Азаптанып қайтесің.  
Сол мәңгүртке сені қоссам нетеді.  
Ха-ха-ха-ха...

**ЖЫЛМАҢ:**

Алдиярым көндіреді,  
Көнесің.  
Көне алмасаң,  
Қос сирағың көктен кеп,  
Өлесің бе, өлесің. Хи-хи-хи...

## САЙҚЫМАЗАҚ:

Алдиярым,

Арыс ұлдың қанын неге төгесің,

Болып жүр ме билігіңе бөгесін?

### ЖӨЙІТ:

Жөн айтасың. Мазағым.

Езлып жүр гоіі бөгесін.

Нөргім келмес ақылдының төбесін.

Мәңгүрт елге бір ақылшы жетеді,

Басқалармен билікті қалай болесің?!

### ЖЫЛМАН:

Ханнан кімнің билігі билік болған,

Ондайлар ішке түскен күйік болған.

Ешкімнің ханнан ақылы аспас болар.

Ондайлар Орда маңын баспас болар.

Ту етіп тектілігін көтергендер.

Хан неме ешқашан жақпас болар.

Ал ханмен ақыл жарыстырған бас —

Бас емес қурап қалған қақпас болар.

### ЖӨЙІТ:

Міне, міне,

Жылмекем, дөп айтасың.

Айтқан сайын ақылды молайтасың.

Ал мына ақылды немені

Тізеге салып тұрып таптаңдар!

Бұл да мәңгүрт болсын.

Бас терсін түйе терісімен қаптаңдар!

(Торғауыттар Арысты тізелетіп тұрып басын түйе терісімен қаптап, қолын баппап, сүйрелеп алып кетеді. Хан мен уәзір есірлік күлкіге басады. Сайқымазақ егіліп тұрып қалады).



## ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

(Жөйіт ханың ордасы. Хан мен уәзір қолтұзақ ойнап отыр. Аяқ жақта Сайқымазақ қалғып-мүлгіп кетеді. Тыста сүрінген-қабынған ақыл-естен ада шұбырған халық ерсілі-қарсылы өтіп жатады. Хан қолтұзақтан шатасып кетеді).

### ЖЫЛМАҢ:

Жеңілдің, ханым — мойында,  
Қолыңды сал қойыңға.  
Мың ділдә сал, тартыңба.  
Тігіп ең ғой ойыңға,

(Хан қойынынан бір дорба алып уәзірдің алдына тастайды).

### ЖӨПІТ:

Жаңа шатасып кеттім,  
Кел, қайта ойнайық,  
Жеңбей сені қоймайық.  
Осы жолы жеңе алсам,  
Таң атқанша тойлайық.

### САЙҚЫМАЗАҚ:

Ел басқарған екеудің,  
Ермектерін көрдім-ау,  
Көрдім-ау да көндім-ау.  
Үнім шықпай үйелеп,  
Тақ түбінде өлдім-ау.  
(Хан тағы шатасады).

### ЖЫЛМАҢ:

Алдияр, тағы ұтылдың,  
Қолтұзаққа тұтылдың.  
Әкел тағы мың ділдә.

### ЖӨПІТ:

Мә! (Ашуланып қолын шығарды).

Ойын шартын оузып кеттің.  
Тұзақтың бір жүйін үзіп кеттің.  
Әкел ділдәмді. (Дорбасын тартып алып,  
уәзірді кеудесінен бір теуіп шалқасынан  
түсіреді. Осы кезде дабыл қағылып, тор-  
ғауыт кіреді).

**ТОРҒАУЫТ:**

Алдияр!  
Арғын-Ана келіп тұр.  
Мұрсат болса,  
Босағаңнан еніп тұр.

**ЖӨЙІТ:**

Арғын-Ана?! (Селк етеді).  
Ол әлі тірі ме еді?

**САЙҚЫМАЗАҚ:**

Тірілердің ішіндегі ірі ме еді?  
(Орнынан тұрады).

**ЖЫЛМАҢ:**

Қу кемпір ортамызға ойран салар,  
Кіргізбе! Есігің қалай оған түріледі.

**(Осы кезде торғауыттарды қақ жарып ордаға  
Арғын-Ана енеді).**

**ЖӨЙІТ:**

Сен пақырды.  
Ордаға кім шақырды?

**АНА:**

Мен мынау жалшақ елдің анасы едім,  
Сен дағы осы елдің баласы едің.  
Бала болмай пәле боп тудың дағы,  
Қасқырмен ана сүтін таласа емдің.  
Еліңді ел қылмадың — жаудай шаптың,  
Еріңді ез қылдың да ит боп қаптың.

Жылмаңдай жылшостармен қан жаласып,  
Қызығын көріп жатсың алтын тақтың.  
Жұртыңды жұтаттың ғой тері қаптап,  
Жерімді шаңдатты ғой мәңгүрт таптап.  
Аярлық ауылынан сарқұт ішкен,  
Сұрқия жаның қалай сая таппақ.  
Екі ұлым кетті сенің бодауыңа.  
Қалайша шыдамақпын тонауыңа.  
Қайтып бер Арысымды қалауым сол,  
Сал дағы мені мына талауыңа.  
Қайтып бер Арысымды мен кетейін,  
Өлім түр өткел бермес. тездетейін.  
Тобемді көрсетпейіп енді саған,  
Аналық ақ сүтіммен ант етейін.

#### ЖЫЛМАҢ:

Қалай, қалай сайрайды,  
Сайраған сайын жайнайды.  
Берме ұлып, қуып шық!  
Өзінен өзі-ақ жайрайды.

#### САЙҚЫМАЗАҚ:

Сорлы ананы егілтпе,  
Жылмаңға еріп желікпе.  
Тоқтар тұсың болды ғой,  
Қанға жаның жерік пе?

#### ЖЫЛМАҢ:

Тыңдама оны, хап не.  
Мынау елге сен не.  
Ханы жоқ ел қауқарсыз,  
Сен не де сен кне.

#### ЖӨЙІТ:

Тоқтатыңдар таласты  
Итше ырылдап екеуің.  
Қашап ғана жарастың,

Бер-берме деп екеуін.  
Көттеріңмен бал аштын.  
Әкеліңдер Арысың!  
Таңдасын өз қалауын  
Тани алса анасын.  
Болмас оған таласым.  
Жүре берсін. Жол ашық.  
Тапса болды біздерге.  
Анасымен жарасым.  
Танымаса анасын,  
Әй, кемпір!  
Сен де осында қаласың.  
Мәңгүрт болған үш ұлды.  
Өзің ғана бағасың.  
Келістік пе осыған.

**ЖЫЛМАҢ:**

Мен де осыған қосылам.  
Осы бұйрық, осы заң.

**САЙҚЫМАЗАҒ:**

Әй білмеймін, білмеймін,  
**Мен өзірше тосылам.**

(Торғауыттар Арысты алып келеді. Жүдеу. Өңі ұсқынсыз. Төңірегіне үрке, шошына қарайды. Ара-тұра тері жарғақпен қапталған басын қос қолдай қысып күңіренеді. мәңгіріп тұрып қалады).

**ЖӘНІТ:**

Міне, Арысың!  
Жақындау кел.  
Танысын.

**АНА:**

Сен Арыспысың,  
Әлде мен танымас алыспысың.

(Шошынып кейін шегінеді. Ке-  
ліп білегіне үділеді).  
Иә, мынау мең ғой.  
Сүйікті ұлым, сен ғой.  
Иә, сен Арысымсың,  
Құлынымсың.  
Өзегімді жарып шыққан  
Жұлынымсың.

(Арыс апасын танымайды, үрке қарайды. Ана  
күңіренеді).

### АНА

Жазғаным-айі, жалғызым-айі,  
Суға біткен жалбызым-айі.  
Қараң батқыр Жөйіт хан,  
Не жазып ем мен саған.  
Сен де анадан тудың ба,  
Жүзіңді жаспен жудың ба.  
Бала болып, жар кезіп,  
Қырда сағым құдың ба.  
Сен де апанды емдің бе,  
Соңынан оның ердің бе.  
Көкірегін аймалап,  
Түн ұйқысын бөлдің бе.  
Жоқ! Жоқ! Бәрі бекерлік,  
Бір басында жауыздық,  
Жалпақ елге жетерлік.  
Айыр құйрық шаяндай.  
Мол-ау сенде мекерлік.

Арысымды не күйге жеткізгенсің,  
Торғауытқа басынан тепкізгенсің.  
(Егіледі. Тағы толғайды).

Сен жатырдан қан шеңгелдеп туыпсың,  
Жаспен емес жүзіңді умен сірә жуыпсың.

Жүрек емес жүрегің тастан сірә жаралған.  
Ізгіліктен тым алыс, жауыздыққа жуықсың.  
Зар аналар атынан қарғыс саған қара бет,  
Туған елге әкелдің айықпайтын нала дерт.  
Хан болдың да қорқаудай төдіректі жалмадың.  
Атқан таңнан садаға, батқан күнмен аулақ кеті!

**ЖӨЙІТ:**

Тоқтат сөзді. Тыыл. (Тепсінеді).

**ЖЫЛМАҢ:**

Тәубеңе кел де шып,  
Тіліңді тістемесең.  
Болар саған қиын.

**САИҚЫМАЗАҚ:**

Сөзің неткен зарлы еді.  
Жаның неткен арлы еді.  
Мәкірегіңнен тоғілді-ау  
Аналардың зар лебі.

**ЖӨЙІТ:**

Тоқтат сөзді қу Мазак!

**ЖЫЛМАҢ:**

Жағасынан алып па,  
Хан несін қай қазақ!

**АНА:**

Арысым-ау.  
Танымайсың анаңды.  
Басыңа кім орнатты.  
Айықпас ақырзаманды.  
Душар етті біздерге.  
Жөйіттейі жаһил наданды.

(Қойнынан жөргек шүберекті алып ұлына ұсынады).

Ақ сүтіммен жуылған,  
Жөргегіңді сақтап ем,

Жастайыңнан тірек бол,  
Сол сүтімді ақтап ең.  
Бала болып өссін деп.  
Маңдайыңнан қақпап ем.  
Арысым деп ардақтап,  
Елге түгел мақтап ем.  
Ата жолың құдың да  
Жаман атақ тақпап ең.  
Бауыздады-ау жауыз хал,  
Пышақ емес. мақтамен.  
Не болды балам. не болды.  
Басыңа қаптап таз телшек,  
Мыңды сенің шайқады-ау.  
Текті ұрпақтың тұяғын  
Келеке қылып байқады-ау.  
Мәңгүрт қылған бар жұртты,  
Жылмаң. Жөңіт сайқал-ау.  
Не болды жаным не болды.  
Жөргегіңді ніскеші,  
Ақ сүтіме малынған.  
Жері корме, жан балам,  
Өзің ішкен қағыңнан.  
Көз алдымда жүрмесен.  
Анаң сорлы сағынған.  
Ніскеші Құлыным, жөргекті,  
Сеңдейі ұлап табам ба.  
Шарласам да жер-көкті.  
Ніскеші ботам, жөргекті.

(Анасы ұсынған жөргекке тосырқай қарайды, қарайды да бетіне басады. Қайта-қайта ніскеп бетіне желпиді. Есіне әлде не түскендей жүзі құбылып өлі дидарына жан кіргендей болады. Жанары күлімдеп, анасына ұмтылып барып

кілт тоқтайды. Оқыс үн шығарып тақта отырған ханға ұмтылады. Күзетші Арыстың жолын бөгеп найза түйрейді. Арыс сүрініп барып құлайды. Көкірегіне басқан жөргек қанға шыланады).

АРЫС: — Қан! Қан! Қан! Ақ сүтке малынған жөргек қара қапмен жуылсын!

Ақ-қара! Қара-ақ! Ха-ха-ха!

(Ию-кию сүргін дауыс, жарқ-жұрқ ойнайды, дабыл қағылады. Сыртта иттер ұлып, жұрт шуласады. Арғын-Ана жараланған ұлының басын сүйеп күйзеле сөйлеп кетеді).

АНА:

Қан! Қан!

Тағы да қан төгілді.

Жүзім жасқа көмілді.

Қос қабырғам сөгілді.

Көремін деп ойлап па ем,

Осындай пала өмірді.

Арысым нені бастадың,

Ісіңменен растадың.

Өмірі үшін еліңнің,

Өлімнен де қашпадың.

Өлім жолы тайғанақ,

Мұның не, ботам, мұның не,

Тойғақ жолды басқаның?

(Арыс өлім халінде жатып зорға тіл қатады).

АРЫС:

Ана! Ана!

Мен кімін?

Мәңгүртпін.

Мныма түскен қанқұрт кім?



Ол аяқу кәсі!  
Хан емес — ая!

(Қиналып жатып тағы сөйлейді).

Кешір мені анашым,  
Ақырғы рет, соңғы рет,  
Алмадым білем тіліңді.  
Мшым қаңсын, қап жылап,  
Жан жүрегім тіліңді.  
Мәңгүрттіктің ауыр дерті:  
Тек өліммен тазарар.  
Тазартпасақ дәуір дертін,  
Ауыр батпан жаза бар.  
Жібер мені құрбан қып,  
Қайран халқым, сен үшін.  
Еркек тоқты құрбандық.  
Бар мәңгүрттік меніменен

жоғалсын.

Туған елім есін жыпы оңалсын.  
Асыл ана, кеш мені.  
Өлім жақып, өлермін.  
Тәніме не боларсын.  
Кеше гөр мендей кеше ұлды.  
Ертеңі бар есті елдің.  
Ортасында қала алмап.  
Өзімменен бірге олды-ау,  
Асыл тілек, бар арман.  
Арыс ұлды адақтап,  
Таға көрме жаман ат.  
Елім, халқым, ертеңім.  
Бір өзіңе аманат.  
Бақұлдық ет ұлыңа.  
Хош! хош!

(Арыс көзін жұмады. Анасы басын сүйейді. Қалың жұрт орда ішін керіп кетеді. Көбі бастарындағы жарғақты-лақтырып, таптай бастайды. Азалы зар төгіледі қобыздан. Жігіттер Арысты көтеріп тысқа беттейді. Хан тақ үстінде тастай қатып отырып қалады).

### **БЕСІНШІ КӨРІНІС**

(Хан ордасы. Жөйіт тақта. Қасында Жылмаң мен Сайқымазақ).

#### **САЙҚЫМАЗАҚ:**

Алдияр!

Елінде қалған есті адам Арыс еді,

Бейшара арамдықтан алыс еді.

**ЖЫЛМАҢ:** — (Сөзін бөліп өкетеді).

Қойшы сен Арысыңды мақтай бермей,

Қадамы басқан сайын шалыс еді.

Хан немнен ақылын асырмағы,

Сағымызды сындырар қамыс еді.

Өзі нағыз қырыс болды.

Жүрген жері ұрыс болды.

Топтан озбақ тоқтыны,

Өлтіргеніміз дұрыс болды.

#### **САЙҚЫМАЗАҚ:**

Өлімнің арты өкініш,

алды — суық.

Сондықтан өліміңе дозақ жуық.

Тірліктің бар қызығын мәңсұқ еткен,

Жұрттың тұр қайғы-шерін жаспен жуып.

#### **ЖӨЙІТ:**

Тақ табаны таймас үшін тұғырдан,

Қамшы керек мынау елге.

Қайсың барсын ұғынған.

Қос тізгіңді ұстау үшін сығымдап,

Соқыр артық маған қазір  
Түртінектеген сығырдан.  
Қайсың барсың сол сырымды ұғынған.  
Ырылдасып сен екеуің.  
Дұрыс ақыл қоспадың.  
Бірің алдау, бірің қарғау.  
Бұл еместі скеуіңнен тосқаным.  
Тәңір маған есті үзгір бермеді.  
Ал мынауың болды тақтың ермегі.

**ЖЫЛМАҢ:**

Тек, тек, тақсыр,  
Айта көрме асылық.  
Қызмет еттім етегіңе  
Күндіз-түні бас ұрып.  
Атағыңды аспандаттым,  
Алты қырдан асырып.  
Таңнан келем дегдарыңды.  
Бір көруге асығып.  
Аллаға аян қызмет етем.  
Әлі талай бас ұрып.  
(Етпеттейі келіп етегін сүйеді).

**ЖӨНІТ:**

Жә, жә, болды!  
Бос шырылдап күймегін.  
Сабын жақпай отесің-ау,  
Көзінен де иненің.  
(Сайқымазаққа қарап сөйлейді).  
Мынау құныс әкем Дөйдің мұрасы.  
Бір шайнама ақылы жоқ ырасы.  
Құлығы жоқ жазғанның.  
Құлықсыз сұмдық бола ма.  
Және де жоқ сөзінің ешбір дуасы.  
Расын айтсам екеуіңнен де жалықтым.

Біреуіңнен жалғандық, екіншіңнен зар ұқтым.  
Екі оттың ортасында өртенетін жайым жоқ!  
Екеуің де кетіндер ортасыңа халықтың.  
Өмірім сол. Орындаңдар!  
Мәңгірттерге қосылдық деп қорынбаңдар!  
Шақырыңдар ақынды,  
Жүрек жырып толгасын.  
Болашаққа өлмес сөзін жолдасын.  
Шақырыңдар ғалымды,  
Айтар екен алдыма кеп жаңалықтың қандайын.

Бар ғаламның маған бұлдыр,  
Тылсым сырын барлайын.  
Шақырыңдар батырды.  
Айтсын маған жорығын.  
Сап қаланы қандатқан.  
Айтсын маған жорығын.  
Кең даланы шаңдатқан.

(Торғауыттар ақын, ғалым, батырды алып келеді. Үшеуі де ұсқынсыз, мәңгіріп қалған кейіпте).

**ЖӨНІТ:**

Ей, ақыным!  
Толған көрші жырыңды,  
Үтәр ма екем мұныңды.

(Ақын сөйлеудің орнына таққа қарап арсылдап үреді. Хап шошынады).

**ЖӨНІТ:**

Мына пақыр,  
Жынданған ба шынымен.  
Қалай ғана тіл табысам,  
Ит боп үрген мұнымен.

Әкетіңдер ордадан!  
Сөз сөйлесін кезекте.  
Батыр елін қорғаған.  
(Батыр сөйлеудің орнына есірік күлкіге басып  
оғаш қимылдар жасайды).

**ЖӨПІТ:**

Мынауың да сау болмады шалықтан.  
Бөле алмаспын мұны да  
Мәңгүрт болған халықтан.  
Әкетіңдер ордадан!  
Міскін бопты сорлаған.  
Жалпақ елден тілдесерлік жан таппай,  
Хан басыммен қорланам.  
Сен сөйлеші еіі ғалым.  
Не жаңалық ғаламда.  
Ғылымыңнан пайда бар ма  
Біздей пақыр наданға.  
(Ғалым сөйлеудің орнына қой болып маңырай-  
ды).

**ЖӨПІТ:**

Бұл сорлы да ақылдан  
Қалыпты ғой мақұрым.  
Қалмапты ғой қасымда,  
Атыс түгіл жақыным.  
Көтере алман тегінде,  
Мына дерттің ақырын.  
Тілсіз қалған ақыным,  
Үрді таққа абалап.  
Абалауы ащы айқай,  
Жатты мені табалап.  
Батыр күлді мазақтап,  
Күлкісіне күйіндім.

Жарылуға аз-ақ қай.  
Маңырады ғалым да.  
Ұғынбадым қылығын.  
Ғалым ба әлде залым ба.  
Жалғыз қалдым ордада.  
Кетті Жылмаң жылыстап.  
Сайқымазақ ол кетті.  
Сөйлеспеді дұрыстап.

(Осы сәтте жер дүшпені күңдіреткен ананың үні естіледі).

**АНА:**

Зауал! Зауал!  
Қан жылаған қалың ел.  
Қанға боккен қара жер.  
Зауал дейді Жөйіт хан.  
Зауал! Зауал!

(Хан тағынан шошынып атып тұрады. Төңірегіне алара қарайды).

**ЖӨЙІТ:**

Не деп кетті мына қар.  
Құлаққа келді өксік зар.  
Неге отырмын ордада.  
Жалғыз қалып мен мұндар.  
Зауал! Зауал!  
Неткен қатал кесімң.  
Қайда кетті қу Жылмаң.  
Тиді-ау маған кесірің.  
Сен кемпірді қазық етіп қақпасам,  
Тамызық қып жақпасам.  
Жерге кірсін Жөйіт деген есімім.  
Торғауыттар табындар кемпірді.

### ТОРҒАУЫТ:

Дат, алдияр!

Аргын-Ана Арысымен кеше жерленген  
Оны мына көз көрген.

### ЖӨНІТ:

Кімнің үні зауал сұрап зарлаған.  
Елес пе әлде қыр соғымнан қалмаған.  
Алжастым ба әлде естен адасып,  
Төңірегім қара түнек торлаған.  
Бәрі мылқау, бәрі мәңгүрт халықтың,  
Тілдесе алмай нала кешіп, жабықтың.  
Мансап үшін арын сатқан мен бейбақ,  
Обалына қалдым білем халық деген  
алыптың.

Зауал! Зауал! Зауалды шақ жақындап,  
Неді білем сұр жыландай тақымдап.  
Зауал деген бір занталақ залалды ой,  
Тас төбемде тұрып алды тақылдап.  
Жауызбын ба, зұлыммын ба, қумын ба,  
Ана айтқандай қан шеңгелдеп тудым ба?!  
Қыл бұрауды жыландайын ширатып,  
Әкем Дөйдің қанды жолын қудым ба,  
Бала кезден құмар едім тақытқа,  
Ғашық едім мансап деген жақұтқа.  
Арды сатып алып едім хандықты,  
Мәңгүрт елге билік құру бақыт па?!  
Билік барда үміт жібін үзген кім,  
Қисығың мен қынқырыңды түсермін,

Тақ жолынан таймасын деп табаным,  
Қалың елді мәңгүрт етін жібердім.  
Маңайыма қу-сұмдарды жинадым,  
Шатақ жолды шыырладым, ширадым.  
Төбесіне хан көтерген жұртыма,  
Жалғыз тамшы жақсылықты қимадым.  
Бекер екен, бекер екен бәрі де,  
Жалғыз қалған бұл тірліктің мәні не,

Ақ орданы өз қолыммен ойрандап,  
Ұшырадым зауал шақтың кәріне!

(Хан күңіреніп барып тақтың етегіне құлайды.  
Қара жамылған ананың елесті бейнесі шығады.  
Толғана сойлеп кетеді).

#### (Ананың монологы)

Ақ жамылған ана едім.  
Бүгін қара жамылдым.  
Дәуір дімкәс болған соң,  
Аяр ханға бағындым.

Ақ тілеулі ана едім,  
Бүгін қанды жас болдым.  
Ет жүрегім езілін,  
Неге шемен тас болдың.

Ақ сәулелі ана едім.  
Көр қараңғы күйі кештім.  
Арысымнан айрылып,  
Қасіретпен тілдестім.



Өлім — түнек, өмір — күн,  
Күнді қалай сүймес кім.  
Тірегімнен айрылып,  
Аза-қаза күйі кештім.

Миды шайқап Жөйт хан,  
Жіберді елін аздырып.  
Зауалына тап болды,  
Не айтайын жазғырып.

Қашып кетті қу Жылмаң,  
Жахил ханың малайы.  
Сақ болмасаң торына  
Түсерсіңдер талайың.

Жылмаң кетті жылыстап,  
Аяр, қаяр, алаяқ.  
Аямаған өкесің,  
Бізді қалай аямақ.

Арын сатқан мансапқа,  
Тоғышар көп ортада.  
Қанды жаспен қорықпаған,  
Ұяттан ол қоржа ма.

Бірін бірі талаған,  
Кім көтермек күнөні.  
Менің ұрпағым арылмай,  
Ел болуың шүбәлі.

Күндестікпен күн кешіп,  
Қалмас үшін азапқа,  
Алауыздық жол емес,  
Бірлік керек қазаққа!

Арыс ұлдай мерт болып,  
Қалмас үшін дозақта,  
Қара нардай қайратты,  
Ерлік керек қазаққа.

Бар әлемді түңіліп,  
Қалмас үшін мазаққа,  
Ғасыр жүгін көтерер,  
Елдік керек қазаққа.

Жатқа кеткен есені,  
Ұл жасығы іздерме.  
Тектілектен таймаған,  
Намыс керек біздерге.

Дос сүйініп, жау күйер,  
Тарихтағы іздерге.  
Елдің туын көтерер,  
Мәрттік керек біздерге.

Халқың үшін қажымас,  
Сенім болса сіздерде,  
Алып шығар азаптан,  
Төзім керек біздерге.

Қазақ болып әлемде,  
Қалу үшін мәңгілік —  
Бауырмалдық санада,  
Тұру керек жаңғырып!

Адам болып өмірдеп,  
Өту үшін жарқылдай —  
Адалдықтың жолында,  
Өлу керек тартынбай!

Сую үшін өмірді,  
Тарту керек азабын.  
Көш-керуен — жол ұзақ,  
Қажыма тек, қазарғы!

Болашаққа қадам бас,  
Күнің өтті алаңдар.  
Арамзалы сатқыннан,  
Сақ болыңдар адамдар!

Елің, жерің, ұлт үшін,  
Күнің туды алаңдар.  
Түбін білмес тексізден,  
Сақ болыңдар адамдар!

Ұстараның жүзінде,  
Қалт-құлт еткен замаң бар.  
Мәңгүрт билеп кетпесін,  
Сақ болыңдар адамдар!

## **ШЫМЫЛДЫҚ.**



Прозалық және поэзиялық он кітаптың сондай-ақ «Ұмытпа мені, гәккуім», «Зауал» драмаларының авторы, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, республикалық Ахмет Байтұрсынов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төлеген Қажыбаевтың бұл жыр жинағына соңғы кезде жазған Қарасай батыр туралы дастаны, өлеңмен жазылған «Зауал» атты фантазмагориялық драмасы және жана өлеңдері енгізілген.

Жинақ қазақтың батыр ұлы шапырашты Қарасай батырдың 400 жылдығына арналып отыр.

Осы жинақтың жарық көруіне азаматтық көмектерін көрсеткен Халықтық банкінің менгерушісі Қуанышбек ҰРЫМЖАНОВҚА, ТұранӘлембанктің директоры Бақтияр ЖҰМАНОВҚА, Ащыкөл элеваторының директоры Алтай НҰРҒАСЫМОВҚА, АРС сыртқы тасымал компаниясы Көкшетау филиалының директоры Болат АБАЙЛДЕНОВКЕ зор алғыс рахметімді айтамын.

**АВТОР.**

## М А З М Ұ Н Ы

Өзімді таныстыру	5
Көктем келер	7
Сенім жыры	8
Бабаға мінәжат	9
Қоңыр бояу	10
Қызыл құрай	12
Әйелге мадақ	13
Үш жүз	14
Астанаға сәлем	16
Мағжанша	17
Алдаспап	18
Жоқтау	19
Мұхтар ағамен мұңдасу	21
Қош Көкшетау	23
Көкшетаумен мұңдасу	26
Ой аулаймын аулақта	30

Қасқыр немесе қайсарлық жыры	32
Күлкі азайып...	35
Қырық екіден қалғандар	36
Бурабай жатыр бұлқынып	38
Дүние-жалған	40
Күз бояуы	41
Іңір	42
Бала шыбық	49
Сезім	50
Шалқар — шабыт	43
Қарауыл төбе	45
Тоқтамыс бейітін көргенде	46
Нокшеге	47
Дала муңы	48
Шымкентке шашу	51
Татулық туы желбіреп	53
Ақмола — астана	54
Дара тұлға	55
Тектілік	56
Ардақтысы елінің	57
Ізгі тілек	58
Көңілі бар көктемдей	59
Жақсыдан қалған бір тұяқ	60
Өмірге ғашық жүрекпен	61
Немерем Медетке	63
Женеше	64
Қарасай — дастан	67
Зауал (драма)	73

**Төлеген ҚАЗЫБАЕВ**

**«ҚАРАСАЙ-ДАСТАН»**

Редакторы С. Көшкенов.

Техникалық  
редакторы Н. В. Анталовцы.

Рецензия  
бергендер Б. Әлімжанов.

Корректоры автор.

Теруге 10. 07. 98 ж. жіберілді. Басуға 29. 07. 98 ж.  
қол қойылды. Пішіні 70x100 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы — жазба.  
Шартты баспа табағы 2,5. Есептік басылу табағы 2,72.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1520.

«Полиграфия» республикалық Көкшетау өндірістік  
бірлестігі.

Көкшетау қаласы. Урицкий көшесі, 98.